## "Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 202 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 мамырда № 15182 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 04.05.2020 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**БҰЙЫРАМЫН**:

1. "Мектепке дейінгі, орта, қосымша білім беру, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарының педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13306 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 6 сәуірде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйым басшыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау" білім беру бағдарламасы;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйым басшыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйым басшысының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын бағалау саласындағы кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне арналған

педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық менеджмент" білім беру бағдарламасы;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйым басшыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беруді жаңғырту жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың инновациялық іс-әрекетін басқару" білім беру бағдарламасы;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне арналған педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік жұмыстың ұйымдастырушылық- педагогикалық аспектілері" білім беру бағдарламасы;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының " Квалиметрия негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесінің сапасын кешенді бағалау" білім беру бағдарламасы;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін жалпы білім берудің жаңа үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау" білім беру бағдарламасы;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагогикалық квалиметрияның теориясы мен практикасы: мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбие мен оқытудың сапасын басқару" білім беру бағдарламасы;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру парадигмасының өзгеруі жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың қазақ тілі педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілін оқыту бойынша білім беру процесін жобалау" білім беру бағдарламасы

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес шағын орталық тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Шағын орталық тәрбиешілерінің кәсіби іс-әрекетінің психологиялық-педагогикалық негіздері" білім беру бағдарламасы;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардағы ағылшын тілі педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін

арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда ағылшын тілін оқыту" білім беру бағдарламасы;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың музыкалық жетекшілерін оқытуға арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында музыкалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

14) осы бұйрықтың 14-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың психологтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу" білім беру бағдарламасы;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың дене тәрбиесі нұсқаушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымның дене тәрбиесі нұсқаушысының кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектеп директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудегі жаңа философиялық тұжырымдамалық ойлар негізінде мектептегі педагогикалық жүйені басқару" білім беру бағдарламасы;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектеп директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің жаңа парадигмасы контекстіндегі орта білім беру ұйымдарының педагогикалық менеджменті" білім беру бағдарламасы;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес мектеп директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагогикалық квалиметрия: инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептердің оқыту сапасын басқару" білім беру бағдарламасы;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектеп директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру сапасын басқару жүйесіндегі педагогикалық квалиметрия" білім беру бағдарламасы;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес шағын жинақталған мектептің директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақталған мектептің білім беру процесін басқару" білім беру бағдарламасы;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес мектеп директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін

арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту аясында мектепті басқарудың құзырлылық амалы" білім беру бағдарламасы;

22) осы бұйрыққа 22-қосымшаға сәйкес шағын жинақталған мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Шағын жинақталған мектеп директоры орынбасарының инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

23) осы бұйрыққа 23-қосымшаға сәйкес мектеп директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мазмұнды жаңарту аясында мектеп тәжірибесіндегі коучинг пен тәлімгерлікті ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

24) осы бұйрыққа 24-қосымшаға сәйкес мектеп директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында отаншылдық және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру тұлғаны тәрбиелеу мен әлеуметтендірудің негізі ретінде" білім беру бағдарламасы;

25) осы бұйрыққа 25-қосымшаға сәйкес мектеп директорларының тәрбие жөніндегі орынбасарына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мәңгілік ел" ұлттық идеясы негізінде тәрбие мазмұнын жаңарту" білім беру бағдарламасы;

26) осы бұйрыққа 26-қосымшаға сәйкес мектептердің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқыту процесін жобалау" білім беру бағдарламасы;

27) осы бұйрыққа 27-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Programme for International Student Assessment" ( Программ фор Интернейшнл Стюдент Ассисмент) халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту" білім беру бағдарламасы;

28) осы бұйрыққа 28-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақстан Республикасында көптілді білім беру және білім мазмұнын жаңарту жағдайында қазақ тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

29) осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Content and Language Integrated Learning" ( Контент энд Лангуидж Интегрейтид Ленинг) пән және тілдерді кіріктіру

әдістемесін меңгеру бойынша қазақ тілі пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

30) осы бұйрыққа 30-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақстан Республикасында білім беру мазмұнын жаңарту аясында тілдерді деңгейлеп оқытуды меңгерту бойынша мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

31) осы бұйрыққа 31-қосымшаға сәйкес қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Content and Language Integrated Learning" ( Контент энд Лангуидж Интегрейтид Ленинг) пән және тілдерді кіріктіру әдістемесін меңгеру бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту" білім беру бағдарламасы;

32) осы бұйрыққа 32-қосымшаға сәйкес орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Көпмәдени және көптілді білім беру жағдайындағы орыс тілі мен әдебиетінің заманауи сабағын жобалаудың әдістемесі" білім беру бағдарламасы;

33) осы бұйрыққа 33-қосымшаға орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Programme for International Student Assessment" (Программ фор Интернейшнл Стюдент Ассисмент) халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту" білім беру бағдарламасы;

34) осы бұйрыққа 34-қосымшаға орыс тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында орыс тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын критериалды бағалау" білім беру бағдарламасы;

35) осы бұйрыққа 35-қосымшаға бастауыш сыныптағы ағылшын тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартын енгізу жағдайында ағылшын тілін бірінші сыныптан бастап оқытудың мазмұны мен әдістемесі" білім беру бағдарламасы;

36) осы бұйрыққа 36-қосымшаға сәйкес өзбек тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Интерактивті оқыту әдістері арқылы мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

37) осы бұйрыққа 37-қосымшаға сәйкес ұйғыр тілі пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының " Инновациялық технологияларды қолдану арқылы бастауыш мектеп оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту" білім беру бағдарламасы;

38) осы бұйрыққа 38-қосымшаға сәйкес бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартын ендіру жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

39) осы бұйрыққа 39-қосымшаға сәйкес жаратылыстану-математика пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Оқытудың білімдік нәтижелеріне жету сапасын бағалау бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

40) осы бұйрыққа 40-қосымшаға сәйкес математика пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Programme for International Student Assessment" (Программ фор Интернейшнл Стюдент Ассисмент) халықаралық зерттеулерін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық математикалық сауаттылығын дамыту" білім беру бағдарламасы ;

41) осы бұйрыққа 41-қосымшаға сәйкес математика пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың математикалық сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

42) осы бұйрыққа 42-қосымшаға сәйкес информатика пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайында информатика пәнін бесінші сыныптан оқытудың мазмұны мен әдістемесі" білім беру бағдарламасы;

43) осы бұйрыққа 43-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің информатика пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беруді жаңарту жағдайында информатиканы оқытуда Smart-технологияны (Self Monitoring Analysis And Reporting Technology – Селф Мониторинг Анализис энд Рипотинг Текнолоджи) пайдалану" білім беру бағдарламасы;

44) осы бұйрыққа 44-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің ғылыми-жаратылыстану пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Programme for International Student Assessment" (Программ фор Интернейшнл Стюдент Ассисмент) халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың ғылыми-жаратылыстану функционалдық сауаттылығын дамыту" білім беру бағдарламасы;

45) осы бұйрыққа 45-қосымшаға сәйкес ғылыми-жаратылыстану пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында "Ғылымға кіріспе" пәнін оқытудың мазмұндық-ұйымдастырушылық амалдары" білім беру бағдарламасы;

46) осы бұйрыққа 46-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің химия (биология) пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің жаңа философиясының тұжырымдамалық ойлары аясында химияны (биологияны) оқыту процесін жобалаудың қазіргі әдістері" білім беру бағдарламасы;

47) осы бұйрыққа 47-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің химия пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Оқытудың үшөлшемді әдістемелік жүйесі педагогикалық технологиясын қолдану негізінде химия пәні сабағында оқушыларды оқыту сапасының квалиметриясы" білім беру бағдарламасы;

48) осы бұйрыққа 48-қосымшаға сәйкес география пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "География пәнін оқытуда критериалды бағалау жүйесін енгізудің оқу-әдістемелік негіздері" білім беру бағдарламасы;

49) осы бұйрыққа 49-қосымшаға сәйкес биология пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының " Педагогикалық квалиметрия – білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында биология сабақтарында оқушылардың білім нәтижелерін бағалау құралы" білім беру бағдарламасы;

50) осы бұйрыққа 50-қосымшаға сәйкес дінтану пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Жастар ортасында терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу" білім беру бағдарламасы;

51) осы бұйрыққа 51-қосымшаға сәйкес тарих, құқық негіздері, дінтану пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Дінтану негіздері" курсын оқытудың теориялық және әдістемелік негіздері" білім беру бағдарламасы;

52) осы бұйрыққа 52-қосымшаға сәйкес тарих және құқық пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясын жүзеге асыру Отан тарихын оқыту мазмұнын жаңартудың негізі ретінде" білім беру бағдарламасы;

53) осы бұйрыққа 53-қосымшаға сәйкес тарих және құқық пәнінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қоғамның әлеуметтік жаңғыруы кезеңінде тарих пәнін оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы;

54) осы бұйрыққа 54-қосымшаға сәйкес тарих пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Б.Блум таксономиясы аясында оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау" білім беру бағдарламасы;

55) осы бұйрыққа 55-қосымшаға сәйкес музыка пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Музыка арқылы өскелең ұрпақтың дүниетанымын қалыптастыру" білім беру бағдарламасы;

56) осы бұйрыққа 56-қосымшаға сәйкес бейнелеу өнері және сызу пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Бейнелеу өнері және сызу сабақтарында оқушылардың визуалды мәдениетін инновациялық технологиялар арқылы дамыту" білім беру бағдарламасы;

57) осы бұйрыққа 57-қосымшаға сәйкес технология пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мәңгілік ел" идеясы аясында технология сабақтарында оқушыларды ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу" білім беру бағдарламасы;

58) осы бұйрыққа 58-қосымшаға сәйкес дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру" білім беру бағдарламасы;

59) осы бұйрыққа 59-қосымшаға сәйкес алғашқы әскери дайындық оқытушы-ұйымдастырушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Алғашқы әскери дайындық жүйесінде оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың қазіргі амалдары" білім беру бағдарламасы;

60) осы бұйрыққа 60-қосымшаға сәйкес әлеуметтік педагогтерге арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беруді жаңарту жағдайында әлеуметтік педагогтің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

61) осы бұйрыққа 61-қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарының сынып жетекшілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мәңгілік ел" ұлттық идеясы негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі сынып жетекшілерінің кәсіби құзіреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы ;

62) осы бұйрыққа 62-қосымшаға сәйкес жалпы білім беретін мектептердің педагог-психологтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және зорлық-зомбылықты болдырмау, жасөспірімдер арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу" білім беру бағдарламасы;

63) осы бұйрыққа 63-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептердің директорларына, мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны" білім беру бағдарламасы;

64) осы бұйрыққа 64-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын шағын жинақталған мектеп басшыларына, мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Шағын жинақталған мектеп жағдайында инклюзивті білім беру – тең және қолжетімді біліммен қамтамасыз ету факторы" білім беру бағдарламасы;

65) осы бұйрыққа 65-қосымшаға сәйкес шағын жинақталған мектептердің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайында шағын жинақталған мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы интегративті амал" білім беру бағдарламасы;

66) осы бұйрыққа 66-қосымшаға сәйкес шағын жинақталған мектептердің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагогикалық квалиметрияның теориясы мен әдістемесі: шағын жинақталған мектепте оқытудың сапасын басқару" білім беру бағдарламасы;

67) осы бұйрыққа 67-қосымшаға сәйкес мектептердің кітапханашыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру ұйымының ақпараттық-білім беру кеңістігін қалыптастырудағы кітапхананың рөлі" білім беру бағдарламасы;

68) осы бұйрыққа 68-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектептердің әдістемелік бірлестіктерінің жетекшілеріне және кафедра меңгерушілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагогтердің кәсіби шеберлігін дамыту бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

69) осы бұйрыққа 69-қосымшаға сәйкес мектептер мұражайының жетекшілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру ұйымдарында мұражай қызметін ұйымдастыру әдістемесі" білім беру бағдарламасы;

70) осы бұйрыққа 70-қосымшаға сәйкес мектептердің педагог-ұйымдастырушыларына, аға тәлімгерлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Девиантты мінез-құлықты мектеп оқушыларын рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу" білім беру бағдарламасы;

71) осы бұйрыққа 71-қосымшаға сәйкес мектеп директорларына, директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Арнайы білім беру ұйымдарының педагогикалық-түзету жұмыстарының мазмұнын жаңарту" білім беру бағдарламасы;

72) осы бұйрыққа 72-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын арнайы білім беру ұйымдарының педагогтеріне, тәрбиешілеріне арналған

педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының "Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары" білім беру бағдарламасы;

73) осы бұйрыққа 73-қосымшаға сәйкес арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының дефектологтарына, логопедтеріне, сурдопедагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қазақстан Республикасында арнайы (түзету) білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

74) осы бұйрыққа 74-қосымшаға сәйкес жазғы қалалық, қала сыртындағы, мектеп жанындағы сауықтыру лагерьлерінің басшыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Балаларды сауықтыру лагері басшысының қызметіндегі инновациялық амалдар" білім беру бағдарламасы;

75) осы бұйрыққа 75-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

76) осы бұйрыққа 76-қосымшаға сәйкес облыстық (қалалық) институттардың кафедра меңгерушілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында біліктілікті арттыру институттарындағы кафедралардың қызметін инновациялық форматта ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

77) осы бұйрыққа 77-қосымшаға сәйкес аудандық білім бөлімдері басшыларына, орынбасарлары мен мамандарына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарын іске асыру" білім беру бағдарламасы;

78) осы бұйрыққа 78-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне) арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "М. Монтессори жүйесінің тұжырымдамалық идеяларын енгізу жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық процесін басқару" білім беру бағдарламасы;

79) осы бұйрыққа 79-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне) арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын бағалау технологиясы ретінде педагогикалық квалиметрияны пайдалану" білім беру бағдарламасы;

80) осы бұйрыққа 80-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда апатты жағдайлар қаупін төмендету" білім беру бағдарламасы;

81) осы бұйрыққа 81-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарды басқарудың инновациялық амалдары" білім беру бағдарламасы;

82) осы бұйрыққа 82-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, мектепалды топ тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы;

83) осы бұйрыққа 83-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, мектепалды топ тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары тәрбиешісінің іс-әрекетінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану" білім беру бағдарламасы;

84) осы бұйрыққа 84-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Көшбасшылық – педагогикалық ұжымды табысты басқарудың факторы" білім беру бағдарламасы;

85) осы бұйрыққа 85-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайындағы басқарушылық қызмет және менеджмент" білім беру бағдарламасы;

86) осы бұйрыққа 86-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру сапасын басқаруда корпоративтік орта құру" білім беру бағдарламасы;

87) осы бұйрыққа 87-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын шағын жинақталған мектеп директорларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру мазмұнын реформалау жағдайында шағын жинақталған мектептің білім беру процесін ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

88) осы бұйрыққа 88-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Педагог-тәрбиешінің кәсіби құзыреттілігін дамытуды тиімді басқару" білім беру бағдарламасы;

89) осы бұйрыққа 89-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмаған балалар арасында суицидті мінез-құлықтың және зорлық-зомбылықтың алдын алу" білім беру бағдарламасы;

90) осы бұйрыққа 90-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Орта білім беру ұйымдарында апатты жағдайлар қаупін төмендету" білім беру бағдарламасы;

91) осы бұйрыққа 91-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектеп оқушылары арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуды басқарудың құзырлылық амалы" білім беру бағдарламасы;

92) осы бұйрыққа 92-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын арнайы білім беру ұйымдары директорларының орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Арнайы мектеп жағдайында педагогикалық түзету жұмыстарын ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

93) осы бұйрыққа 93-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметін басқарудың қазіргі үрдістері" білім беру бағдарламасы;

94) осы бұйрыққа 94-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының орынбасарларына, педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Сыныптан тыс жұмыс аясында балалармен туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы;

95) осы бұйрыққа 95-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының бейнелеу өнері және технология пәндерінің

мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Көркем еңбек" пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы;

96) осы бұйрыққа 96-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін және шағын жинақталған мектептердің директорларына, мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепте оқыту стандарттарын іске асыру контекстінде инклюзивті білім берудің мазмұны мен дамуы" білім беру бағдарламасы;

97) осы бұйрыққа 97-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының информатика, математика және физика пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Робототехника негіздері" білім беру бағдарламасы;

98) осы бұйрыққа 98-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының тәрбиешілеріне, педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы;

99) осы бұйрыққа 99-қосымшаға сәйкес Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнін оқытудың инновациялық тәсілдері мен әдістемелері" білім беру бағдарламасы.";

3, 5, 17, 19, 28, 63, 64, 72, 75-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31–қосымшаларға сәйкес 78, 79, 80 ,81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмелерін ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат

орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А.Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Білім және ғылым министрі* *Е. Сағадиев*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 2 мамырдағы
№ 202 бұйрығына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына 3-қосымша

# Мектепке дейінгі ұйым басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық менеджмент" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі ұйымдар басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне арналған "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық менеджмент" тақырыбындағы педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) мектепке дейінгі ұйымдар басшыларын (меңгерушілерін), әдіскерлерін, тәрбиешілерін оқытуды реттейді.

2. Білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдар басшыларының ( меңгерушілерін), әдіскерлерінің, тәрбиешілерінің заманауи мектепке дейінгі

білім беру ұйымындағы педагогикалық менеджмент, стратегиялық жобалау бойынша, білім беру мен тәрбиелеу үдерістерін жүйелі модельдеу мәселелері бойынша кәсіби шеберлік деңгейлерін арттыруға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жаңарту аясында педагогикалық менеджмент мәселелері бойынша мектепке дейінгі ұйым басшыларының (меңгерушілерінің), әдіскерлерінің, тәрбиешілерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) менеджмент тұрғысынан нәтижеге бағытталған мектепке дейінгі ұйым қызметін стратегиялық жоспарлауды жүзеге асырудың тетіктері мен жолдары туралы тұтас түсінікті қалыптастыру;

2) балаларды ерте дамыту бойынша басқарушылық қызметтің психологиялық-педагогикалық аспектілері туралы білім деңгейлерін арттыру;

3) инновациялық үдерістерді енгізу арқылы мектепке дейінгі ұйымды басқару дағдыларын дамыту;

4) кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі-АКТ) қолдану дағдысын дамыту;

5) мектепке дейінгі ұйымның білім беру үдерісіне денсаулық сақтау технологияларын интеграциялау.

5. Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, мектепке дейінгі білім беру ұйымының даму бағыттары мен басқару қағидаларын, білім беру үдерісін басқарудың негізгі функцияларын біледі;

2) заманауи менеджмент технологияларын, мектепке дейінгі ұйымның білім беру үдерісін жобалауды, мектепке дейінгі ұйымнда инновациялық білім беру технологияларын қолдана алады;

3) басқарушылық шешім қабылдау тәсілдерін; мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық үдерісті жобалау және басқару дағдыларын, мектепке дейінгі ұйым дамуының стратегиялық бағыттар жүйесін әзірлеуді, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерінің педагогикалық қызметін ішкі бағалау жүйесін әзірлеуді, әлеуметтік серіктестермен сындарлы қарым-қатынас құруды, кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды, мектепке дейінгі ұйымның білім беру үдерісіне денсаулық сақтаушы технологияларды интеграциялау дағдыларын меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) психологиялық-педагогикалық;

3) басқарушылық;

4) мазмұндық;

5) технологиялық;

6) вариативтік.

7. Вариативтік модульдің тақырыптарын тыңдаушылар кіріс диагностикасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

8. Біліктілікті арттыру курстары:

1) осы Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі – ОТЖ) бойынша күндізгі оқу режимінде ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу формасы өзгеріссіз қалады;

2) осы Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары бойынша аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 16 сағат, қашықтықтан оқу – 8 сағат, өз бетімен оқу – 48 сағат. Күндізгі оқу курстың алғашқы және соңғы күнінде 8 сағаттан өткізіледі.

9. Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

10. Білім беру процесі оқытудың келесі интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәрістер, семинарлар, тәжірибелік жұмыс, көшпелі тәжірибелік сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, шағын сабақтың (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ

аралас оқу режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

11. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді.

Мектепке дейінгі ұйымдар басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне арналған "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық менеджмент" тақырыбындағы педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасына 1-қосымша

## Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

| № | Сабақ тақырыптары | Дәріс | Таңдау бойынша сабақ | Практикалық сабақ | Тренинг | КТС | Дөңгелек үстел | Шағын сабақтардың таныстырылымы | Қоры тесті |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 4 | | 4 | | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы "Ұлт жоспары -100 нақты қадам. Баршаға арналған қазіргі заманғы мемелекет" бағдарламасы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлігіне қатысты | 2 | | | | | | | |
| 1.2 | 2016 жылғы 1 наурызындағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 205 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жүзеге асыру | 2 | | | | | | | |
| | Мектепке дейінгі білім беру ұйымы қызметінің нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері. 2012 жылғы 23 тамыздағы | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.3 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1080 "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары | | | 2 | | | | | |
| 1.4 | Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдегі "Білім туралы" Заңы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлігіне қатысты | | | 2 | | | | | |
| 2 | Басқарушылық модуль | 2 | | 8 | | 4 | | | |
| 2.1 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын дамытуды басқару. Басқару шешімдерін қабылдаудың және ақпаратты талдаудың, жинаудың әдістемесі | 2 | | 4 | | | | | |
| 2.2 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары жетекшілігіндегі бақылау-талдау әрекеті. | | | 4 | | | | | |
| 2.3 | Мектепке дейінгі ұйымдардың денсаулық сақтау кеңістігін ұйымдастыру. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиенің жаңа жалпы білім беретін Типтік бағдарламасына сәйкес тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізгі талаптары | | | | | 4 | | | |
| 3 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 2 | | | 4 | | 2 | | |
| 3.1 | Менеджменттің психологиялық-педагогикалық негіздері | 2 | | | | | | | |
| 3.2 | Коммуникативтік шеберліктер мен кәсіби педагогикалық қатынас дағдыларын дамыту | | | | 4 | | | | |
| 3.3 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы инновациялық үдерістер | | | | | | 2 | | |
| 4 | Мазмұндық модуль | 4 | | 14 | | | 2 | 4 | 2 |
| 4.1 | Мектепке дейінгі ұйымдарды дамытудың заманауи әлемдік тенденциялары | | | | | | 2 | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.2 | Білім беру салаларының сипаттамасы, білім беру салаларының міндеттерін мониторингісі мен жүзеге асырылуын қолдау, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының мақсатты индикаторларының технологиялық жүзеге асырылуы.<br>Мектепке дейінгі ұйымның дамуы мен қызметін жүйелі жоспарлау | 2 | | 4 | | | | | |
| 4.3 | Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау. | | | 4 | | | | | |
| 4.4 | Мектепке дейінгі ұйымның даму бағдарламасының үзіндісін панорамды қорғау | | | | | | | 4 | |
| 4.5 | Мектепке дейінгі ұйымның жобалау қызметін ұйымдастыру | | | 4 | | | | | |
| 4.6 | Курс тыңдаушыларының кәсіби құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау ( қорытынды тестілеу) | | | | | | | | 2 |
| 4.7 | Аттестация – мектепке дейінгі ұйымдар әрекетін тиімді көтеру факторы | 2 | | 2 | | | | | |
| 5 | Технологиялық модуль | | | 4 | | 2 | 4 | | |
| 5.1 | Мектепке дейінгі ұйым басшысының ақпараттық-коммуникациялық технологиялық құзыреттілігі. | | | 4 | | | | | |
| 5.2 | Балалардың шығармашылық қабілеттерін әдебиет және музыка арқылы дамыту әдістемелері: Р.Штайнер, С. Лупан, М. Мартено, К. Орф, Л.Виноградова; "Тәй-тәй" ( Step by step –Степ бай степ) технологиясы арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке білім алуы. | | | | | 2 | | | |
| 5.3 | Мектепке дейінгі білім берудің заманауи жүйесіндегі | | | | | | 4 | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | М.Монтессоридің "еркін тәрбиелеу" технологиясы. | | | | | | | | |
| 6 | Вариативтік модуль | | 6 | | | | | | |
| 6.1 | Мектепке дейінгі ұйымда дарынды балалармен жұмыс жүйесі | | | | | | | | |
| 6.2 | Әлеуметтік серіктестік - мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру ресурсы | | | | | | | | |
| 6.3 | Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық кеңесті ұйымдастыру және өткізудің заманауи амалдары | | | | | | | | |
| 6.4 | Қазақстан Республикасының Стандарттарын игеруде балалардың жоспарланған нәтижелерге қолжеткізуді мониторингілеу жүйесі | | | | | | | | |
| 6.5 | Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби қызметін мониторингілеудің заманауи нысандары | | | | | | | | |
| 6.6 | Педагогтердің интернет-қауымдастықта өзара қарым-қатынасы кәсіби құзыреттіліктерді дамыту шарты ретінде | | | | | | | | |
| 6.7 | Тайм-менеджмент: уақытты басқарудың қарапайым тәсілдері | | | | | | | | |
| 6.8 | Мектепке дейінгі ұйымда инновациялық ұйымдастырушылық мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс практикасына педагогикалық технологияларды енгізу | | | | | | | | |
| | Барлығы: | 12 | 6 | 30 | 4 | 6 | 8 | 4 | 2 |

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Мектепке дейінгі ұйымдар басшыларына (меңгерушілеріне), әдіскерлеріне, тәрбиешілеріне арналған "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту аясында мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық менеджмент" тақырыбындағы педагогикалық

кадрлардың біліктілігін арттыру
курсының білім беру
бағдарламасына 2-қосымша

# Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

| № | Сабақтың тақырыптары | Күндізгі оқу 16 с. | | | | Қашықтықтан оқу 8 с. | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәріс | Практикалық сабақ | Семинар | Шағын сабақ таныстырылымы | Вебинар | Онлайн-форум | Onlin беру |
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 2 | 2 | 4 | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы "Ұлт жоспары - 100 нақты қадам. Баршаға арналған қазіргі заманғы мемелекет" бағдарламасы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлігіне қатысты | 1 | 2 | | | | | |
| 1.2 | 2016 жылғы 1 наурызындағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 205 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жүзеге асыру | | | 2 | | | | |
| 1.3 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымы қызметінің нормативтік–құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері. 2012 жылғы 23 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1080 "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары | | | 2 | | | | |
| 1.4 | Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдегі "Білім туралы" Заңы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлігіне қатысты | 1 | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Басқарушылық модуль | | | 2 | | | | |
| 2.1 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын дамытуды басқару. Басқару шешімдерін қабылдаудың және ақпаратты талдаудың, жинаудың әдістемесі | | | 2 | | | | |
| 2.2 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары жетекшілігіндегі бақылау-талдау әрекеті | | | | | | | |
| 2.3 | Мектепке дейінгі ұйымдардың денсаулық сақтау кеңістігін ұйымдастыру. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиенің жаңа жалпы білім беретін Типтік бағдарламасына сәйкес тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізгі талаптары | | | | | | | |
| 3 | Психологиялық-педагогикалық модуль | | 2 | | | 2 | | |
| 3.1 | Менеджменттің психологиялық-педагогикалық негіздері | | | | | | | |
| 3.2 | Коммуникативтік шеберліктер мен кәсіби педагогикалық қатынас дағдыларын дамыту | | 2 | | | | | |
| 3.3 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы инновациялық үдерістер | | | | | 2 | | |
| 4 | Мазмұндық модуль | | | | 2 | | 2 | |
| 4.1 | Мектепке дейінгі ұйымдарды дамытудың заманауи әлемдік тенденциялары | | | | | | | |
| 4.2 | Білім беру салаларының сипаттамасы, білім беру салаларының міндеттерін мониторингісі мен жүзеге асырылуын қолдау, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының мақсатты индикаторларының технологиялық жүзеге асырылуы. Мектепке дейінгі ұйымның дамуы мен қызметін жүйелі жоспарлау | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.3 | Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу-тәрбие үдерісін жоспарлау | | | | | | | |
| 4.4 | Мектепке дейінгі ұйымның дамыту бағдарламасының жобалау бойынша практикум | | | | | | | |
| 4.5 | Мектепке дейінгі ұйымның жобалау қызметін ұйымдастыру | | | | | | | |
| 4.6 | Курс тыңдаушыларының кәсіби құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау Мектепке дейінгі ұйымның дамыту бағдарламасының үзіндісін панорамалық қорғау | | | | 2 | | | |
| 4.7 | Аттестация – мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру факторы | | | | | | 2 | |
| 5 | Технологиялық модуль | | | 2 | | 2 | | |
| 5.1 | Мектепке дейінгі ұйым басшысының технологиялық ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігі | | | 1 | | | | |
| 5.2 | Балалардың шығармашылық қабілеттерін әдебиет және музыка арқылы дамыту әдістемелері: Р.Штайнер, С. Лупан, М. Мартено, К. Орф, Л.Виноградова; "Тәй-тәй" ( Step by step –Степ бай степ) технологиясы арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке білім алуы | | | 1 | | | | |
| 5.3 | Мектепке дейінгі білім берудің заманауи жүйесіндегі М.Монтессоридің "еркін тәрбиелеу" технологиясы | | | | | 2 | | |
| 6 | Вариативтік бөлім | | | | | | | |
| 6.1 | Мектепке дейінгі ұйымдарда дарынды балалармен жұмыс жүйесі | | | | | | | |
| 6.2 | Әлеуметтік серіктестік - мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру ресурсы | | | | | | | |
| 6.3 | Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық кеңесті ұйымдастыру және өткізудің заманауи амалдары | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6.4 | Қазақстан Республикасының Стандарттарын игеруде балалардың жоспарланған нәтижелерге қолжеткізулерін мониторингілеу жүйесі | | | | | | | |
| 6.5 | Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби қызметтерін мониторингілеудің заманауи нысандары | | | | | | | |
| 6.6 | Педагогтердің интернет-қауымдастықта өзара қарым-қатынасы кәсіби құзыреттіліктерді дамыту шарты ретінде | | | | | | | |
| 6.7 | Тайм-менеджмент: уақытты басқарудың қарапайым тәсілдері | | | | | | | |
| 6.8 | Мектепке дейінгі ұйымда инновациялық ұйымдастырушылық мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс практикасына педагогикалық технологияларды енгізу | | | | | | | |
| Вариативтік модуль бойынша онлайн-кеңес | | | | | | | | 2 |
| Барлығы: | | 2 | 4 | 8 | 2 | 4 | 2 | 2 |

Ескертпе: 1 академиалық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 2 мамырдағы
№ 202 бұйрығына 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына 72-қосымша

## Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын арнайы білім беру ұйымдарының педагогтеріне, тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын арнайы білім беру ұйымдарының педагогтеріне, тәрбиешілеріне арналған "Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары" тақырыбындағы педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын арнайы білім беру ұйымдарының педагогтерін, тәрбиешілерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама тұлғаға бағыттау мәнмәтінде түзету-дамытушылық білім беру процесін табысты жобалауды қамтамасыз ететін арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері, тәрбиешілерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты жеке тұлғаға бағыттау мәнмәтінде түзету-дамытушылық білім беру процесін табысты жобалауды қамтамасыз ететін арнайы білім беру ұйымдарының педагогтері, тәрбиешілерінің кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейін арттыру.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) түзету-дамытушылық білім беру процесін психологиялық және педагогикалық сүйемелдеудің маңызын тыңдаушылармен түсінуін қалыптастыру ;

2) жеке тұлғаға бағыттау мәнмәтінде түзету-дамыту сабақтарын, оқуды жобалау дағдыларын дамыту;

3) оқытудың жеке тұлғаға бағытталған түзету-дамыту технологияларын пайдалану бойынша құзыреттіліктерді арттыруға мүмкіндік беру;

4) курстан кейінгі кезеңде үздіксіз кәсіби өзіндік дамуға ынталандыру.

5. Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1) инклюзивтік білім берудің тұжырымдамалық идеяларының мән-мағынасын , Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарын, түзету-дамытушылық білім беру процесін психологиялық және педагогикалық сүйемелдеудің маңызын біледі;

2) жеке тұлғаға бағыттау тәсілдемесіне сай оқытудың тиімді түзету-дамытушылың технологияларын, арнайы білім беру ұйымдарының педагогі, тәрбиешісі, басшысының кәсіби құзыреттіліктері мен ұйымдастырушылық ресурстартарының деңгейіне мониторинг жасау технологиясын қолдана алады;

3) жеке тұлғаға бағытталаған тәсілдеме мәнмәтінінде түзету-дамыту сабақтарын жобалау, курстан кейінгі кезеңде үздіксіз кәсіби өздігінен даму траекториясын жасау дағдыларын меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) психологиялық-педагогикалық;

3) мазмұндық;

4) технологиялық;

5) вариативтік.

7. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылармен кіріс сауалнама барысында анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

8. Біліктілікті арттыру курстары:

1) осы Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі – ОТЖ) бойынша күндізгі оқу режимінде ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу формасы өзгеріссіз қалады;

2) осы Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары бойынша аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 16 сағат, қашықтықтан оқу – 8 сағат, өз бетімен оқу – 56 сағат. Күндізгі оқу курстың алғашқы және соңғы күнінде 8 сағаттан өткізіледі.

9. Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

10. Білім беру процесі оқытудың келесі интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәрістер, семинарлар, тәжірибелік жұмыс, көшпелі тәжірибелік сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, шағын сабақтың (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК-не енгізеді.

Қазақ және орыс тілдерінде
оқытатын арнайы білім беру
ұйымдарының педагогтеріне,
тәрбиешілеріне арналған
педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру курсының
"Ерекше білім беруге
қажеттілігі бар балаларды оқыту

мен тәрбиелеудің заманауи
технологиялары" білім беру
бағдарламасына 1-қосымша

# Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

| № | Тематика занятий | Дәріс | Таңдау бойынша сабақ | Тәжірибелік жұмыс | Тренинг | Семинар | Сынып шеберлігі | КТС |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік–құқықтық модуль | 6 | | | | | | |
| 1.1 | Инклюзивтік білім беру тарауындағы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы | 2 | | | | | | |
| 1.2 | Инклюзивтік білім беру тарауындағы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы | 2 | | | | | | |
| 1.3 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамызда № 1080 "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының орта білім берудің ( бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты | 2 | | | | | | |
| 2 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 2 | | 4 | 2 | 2 | | 2 |
| 2.1 | Инклюзивтік білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу | 2 | | | | | | |
| 2.2 | Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі | | | 2 | | | | |
| 2.3 | Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын жобалау | | | 2 | | | | |
| 2.4 | Рухани-адамгершілік білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері | | | | | 2 | | |
| 2.5 | Түзету-дамытушылық сабақтарының мазмұнын "Өзін-өзі тану" пәнімен ықпалдастыру | | | | 2 | | | 2 |
| 3 | Мазмұндық модуль | 10 | | 18 | 4 | 4 | 2 | 2 |
| 3.1 | Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру жағдайы | 2 | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.2 | Кедергісіз білім беру ортасы – мүмкіндігі шектеулі балаларды педагогикалық сауықтырудың негізгі ұйымдастыру шарты | 2 | | | | | | |
| 3.3 | Мүкіндігі шектеулі балалардың психикасын дамыту заңдылықтары | 2 | | | | | | |
| 3.4 | Зияткерлік жетіспеушілік және оның ұқсас жағдайдан шектелуі | | | | | 2 | | |
| 3.5 | Зияткерлік жетіспеушілігі бар балалардың тұлғасының, эмоциялық-еріктік саласы және танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері | | | 4 | | | | |
| 3.6 | Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беруде ерекше қажеттіліктері бар балаларды зерттеу | | | | 2 | | | |
| 3.7 | Арнайы (түзету) білім беру ұйымдарының жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды зерттеу | | | 2 | | | | 2 |
| 3.8 | Мүмкіндігі шектеулі балалардың психикалық процестерінің қалыптасуын зерттеу әдістері | | | 2 | | | | |
| 3.9 | Білім берудегі жеке тұлғаға бағытталған тәсіл – заманауи білім берудің педагогикалық теориясы мен тәжірибесіндегі жетекші үрдістердің бірі. Жеке тұлғаға бағытталаған педагогикалық технологияларға шолу | | | | | | | |
| 3.10 | Арнайы (түзету) білім беру ұйымдарында білім беруді ұйымдастыру үлгілері | | | | | | | |
| 3.11 | Арнайы (түзету) білім беру ұйымдарында оқыту ұстанымдары | | | | 2 | | | |
| 3.12 | Түзету-дамыту сабақтарын жоспарлауға қойылатын талаптар | | | 2 | | | | |
| 3.13 | Арнайы (түзету) білім беру ұйымдарында оқыту әдістері. Оқытудың сөздік әдістері. Сөздік жұмысы | | | 2 | | | | |
| 3.14 | Оқытудың көрнекілік әдістері | | | 2 | | | | |
| 3.15 | Оқытудың тәжірибелік әдістері | | | 2 | | | | |
| 3.16 | Ақыл-ой әрекеттерін кезеңдік қалыптастыру технологиясы (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина , М.В.Волович) | 2 | | | | | | |
| 3.17 | Д.Айрестің сенсорлық ықпалдастыру әдісі | 2 | | | | | 2 | |
| 3.18 | Арнайы білім беру ұйымының педагогі, тәрбиешісінің кәсіби құзыреттіліктері мен ұйымдастырушылық ресурстар деңгейіне мониторинг жасау технологиясы | | | 2 | | | | |
| 3.19 | Жоба қорғау | | | | | 2 | | |
| 4 | Технологиялық модуль | | | 14 | | | | |
| 4.1 | Оқытудың жобалау технологиясы: жіктелуі, жобалау іс-әрекетінің кезеңдері. Курс бойынша сабақтарда жобалау әдісін қолдану | | | 4 | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.2 | Оқу жобасы – педагогтің кәсіби даму құралы | | | 2 | | | | |
| 4.3 | Курс бойынша жобаның құрылымдық бөлшектерін жобалау | | | 2 | | | | |
| 4.4 | Арнайы білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ролі мен мүмкіндіктері | | | 2 | | | | |
| 4.5 | Арнайы білім беруде сандық білім беру ресурстарын пайдалану ерекшеліктері. Электрондық білім беру контентін жобалау технологиясы | | | 2 | | | | |
| 4.6 | Білім беру порталдары және педагогикалық желілік қоғамдастықтарымен жұмыс негіздері. Арнайы білім беруге арналған Ғаламтор желісіндегі ашық білім беру ресурстары | | | 2 | | | | |
| 5 | Вариативтік модуль | | 4 | | | | | |
| 5.1 | Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан дамыту технологиясын пайдалану | | | | | | | |
| 5.2 | Аутизмі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу | | | | | | | |
| 5.3 | Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста жоба әдісін пайдалану | | | | | | | |
| 5.4 | Кохлеарлық имплантациядан кейінгі балалармен түзету жұмыстары | | | | | | | |
| 5.5 | Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста пластилинография техникасын қолдану | | | | | | | |
| 5.6 | Мүмкіндігі шектеулі баланың өмірін оның ата-анасының психологиялық қолдауы арқылы қалыпқа келтіру | | | | | | | |
| Барлығы: | | 18 | 4 | 36 | 6 | 6 | 2 | 4 |

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын арнайы білім беру ұйымдарының педагогтеріне, тәрбиешілеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары" білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

| | | Күндізгі оқу 16 с. | | | | Қашықтықтан с | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | |

| № | Сабақтың тақырыптары | Дәріс | Практикалық сабақ | Семинар | Шағын сабақ таныстырылымы | Вебинар | Онлай форум |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативті-құқық модуль | 4 | 2 | 2 | | | |
| 1.1 | Инклюзивтік білім беру тарауындағы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы | 1 | | 1 | | | |
| 1.2 | Инклюзивтік білім беру тарауындағы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы | 1 | 1 | | | | |
| 1.3 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамызда № 1080 "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының орта білім берудің ( бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты | 2 | 1 | 1 | | | |
| 2 | Психологиялық-педагогикалық модуль | | | | | 2 | |
| 2.1 | Инклюзивтік білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу | | | | | | |
| 2.2 | Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі | | | | | | |
| 2.3 | Психологиялық қауіпсіз білім беру ортасын жобалау | | | | | | |
| 2.4 | Рухани-адамгершілік білім берудің психологиялық-педагогикалық негіздері | | | | | | |
| 2.5 | Түзету-дамытушылық сабақтарының мазмұнын "Өзін-өзі тану" пәнімен ықпалдастыру | | | | | 2 | |
| 3 | Мазмұндық модуль | 3 | 1 | | 2 | | |
| 3.1 | Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытатын білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру жағдайы | | | | | | |
| 3.2 | Кедергісіз білім беру ортасы – мүмкіндігі шектеулі балаларды педагогикалық сауықтырудың негізгі ұйымдастыру шарты | | | | | | |
| 3.3 | Мүкіндігі шектеулі балалардың психикасын дамыту заңдылықтары | | | | | | |
| 3.4 | Зияткерлік жетіспеушілік және оның ұқсас жағдайдан шектелуі | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.5 | Зияткерлік жетіспеушілігі бар балалардың тұлғасының, эмоциялық-еріктік саласы және танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктері | | | | | | |
| 3.6 | Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беруде ерекше қажеттіліктері бар балаларды зерттеу | | | | | | |
| 3.7 | Арнайы білім беру ұйымдарының жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды зерттеу | | | | | | |
| 3.8 | Мүмкіндігі шектеулі балалардың психикалық процестерінің қалыптасуын зерттеу әдістері | | | | | | |
| 3.9 | Білім берудегі жеке тұлғаға бағытталған тәсіл – заманауи білім берудің педагогикалық теориясы мен тәжірибесіндегі жетекші үрдістердің бірі. Жеке тұлғаға бағытталаған педагогикалық технологияларға шолу | | | | | | |
| 3.10 | Арнайы білім беру ұйымдарында білім беруді ұйымдастыру үлгілері | | | | | | |
| 3.11 | Арнайы білім беру ұйымдарында оқыту ұстанымдары | 1 | | | | | |
| 3.12 | Түзету-дамыту сабақтарын жоспарлауға қойылатын талаптар | 1 | | | | | |
| 3.13 | Арнайы білім беру ұйымдарында оқыту әдістері. Оқытудың сөздік әдістері. Сөздік жұмысы. Оқытудың көрнекілік әдістері. Оқытудың тәжірибелік әдістері | 1 | 1 | | | | |
| 3.14 | Ақыл-ой әрекеттерін кезеңдік қалыптастыру технологиясы (П.Я. Гальперин, Н.Ф. Талызина, М.В. Волович) | | | | | | |
| 3.15 | Д.Айрестің сенсорлық ықпалдастыру әдісі | | | | | | |
| 3.16 | Арнайы білім беру ұйымының педагогі, тәрбиешісінің кәсіби құзыреттіліктері мен ұйымдастырушылық ресурстар деңгейіне мониторинг жасау технологиясы | | | | | | |
| 3.17 | Шағын сабақ таныстырылымы | | | | 2 | | |
| 4 | Технологиялық модуль | | 2 | | | | 2 |
| 4.1. | Оқытудың жобалау технологиясы: жіктелуі, жобалау іс-әрекетінің кезеңдері. Курс бойынша сабақтарда жобалау әдісін қолдану | | | | | | |
| 4.2 | Оқу жобасы – педагогтің кәсіби даму құралы | | | | | | |
| 4.3 | Курс бойынша жобаның құрылымдық бөлшектерін жобалау | | | | | | |
| 4.4 | Арнайы білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ролі мен мүмкіндіктері | | | | | | |
| | Арнайы білім беруде сандық білім беру ресурстарын пайдалану ерекшеліктері. | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.5 | Электрондық білім беру контентін жобалау технологиясы | | 1 | | | | |
| 4.6 | Білім беру порталдары және педагогикалық желілік қоғамдастықтарымен жұмыс негіздері. Арнайы білім беруге арналған Ғаламтор желісіндегі ашық білім беру ресурстары | | 1 | | | | |
| 5. | Вариативтік модуль | | | | | | |
| 5.1 | Аутизмі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу | | | | | | |
| 5.2 | Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста жоба әдісін пайдалану | | | | | | |
| 5.3 | Кохлеарлық имплантациядан кейінгі балалармен түзету жұмыстары | | | | | | |
| 5.4 | Мүмкіндігі шектеулі баланың өмірін оның ата-анасының психологиялық қолдауы арқылы қалыпқа келтіру | | | | | | |
| 5.5 | Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан дамыту технологиясын пайдалану | | | | | | |
| 5.6 | Эмоциялық күйінудің алдын алу | | | | | | |
| Вариативтік модуль бойынша онлайн-кеңес | | | | | | | |
| Барлығы: | | 7 | 5 | 2 | 2 | 2 | 2 |

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 2 мамырдағы
№ 202 бұйрығына 9-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына 75-қосымша

# Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі –

Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагогтерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама жасөспірімдер мен балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері есебімен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби шеберліктері деңгейін дамытуға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты педагогикалық-ұйымдастырушылық аспектілер қызметіндегі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) вариативті-бағдарламалық амалдар негіздерін қолдана алуды дамыту;

2) балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қызметіндегі тәрбиелік және ақпаратты – коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) тәжірибелік қолдана алу бойынша құзыреттіліктерді қалыптастыру;

3) "Мен" - бала тұжырымдамасын оңтайлы қалыптастыру бойынша психологиялық-педагогикалық құзыретіліктерін қалыптастыру;

4) өз білімін жетілдіру және өзін жүзеге асыруда өз қажеттілігін дамыту, кәсіби қызметте өзін өзі талдауды білу;

5) оқу үрдісінде АКТ қолдану құзыреттіліктерін қалыптастыру.

5. Курс соңында тыңдаушылар:

1) қосымша білім беруді ұйымдастырудағы нормативтік құқықтық актілердің тұжырымдамалық негіздерін, әр жастағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін, қосымша білім беру ұйымдары педагогтері қызметіндегі заманауи психологиялық-педагогикалық аспектілерді біледі;

2) балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша педагогтер қызметіндегі вариативті бағдарламаларын жобалауды, қызметте кіріктірілген амалдарды жүзеге асыруды, қосымша білім берудің вариативті бағдарламалары үлгілерін жасауды, қосымша білім беру жағдайында балалармен жұмыста тәрбиелік және АКТ технологияларын қолдана алады;

3) дарынды, уәжі бар балалармен жұмыстардың теориялық-әдіснамалық негіздерін, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы тиімді технологияларды және инновациялық әдістерді және оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы тиімді әдістерді, амалдарды және технологияларды, заманауи ғылыми зерттеу негізінде басқару практикасының дағдыларын, өз қызметіне зерттеу жүргізу және талдауды, педагогикалық және

басқару қызметінің интенсивті жағдайында заманауи АКТ технологияларды меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульден тұрады:
1) нормативті-құқықтық;
2) психологиялық-педагогикалық;
3) мазмұндық;
4) технологиялық;
5) вариативтік.

7. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

8. Біліктілікті арттыру курстары:

1) осы Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі – ОТЖ) бойынша күндізгі оқу режимінде ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу формасы өзгеріссіз қалады;

2) осы Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары бойынша аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 16 сағат, қашықтықтан оқу – 8 сағат, өз бетімен оқу – 56 сағат. Күндізгі оқу курстың алғашқы және соңғы күнінде 8 сағаттан өткізіледі.

9. Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

10. Білім беру процесі оқытудың келесі интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәрістер, семинарлар, тәжірибелік жұмыс, көшпелі тәжірибелік сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, шағын сабақтың (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс

әдістері, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК-не енгізеді.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту" білім беру бағдарламасына 1-қосымша

# Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

| № | Сабақтың тақырыптары | Дәріс | Таңдау бойынша сабақ | Практикалық сабақ | Мастер-класс | Семинар | КТС | Тренинг | Дө үст |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативті-құқықтық модуль | 6 | | 2 | | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Президентінің бағдарламасы " Ұлттық жоспар -100 нақты қадам. Бәріміз үшін заманауи мемлекет" 2015 жылдың 20 мамыр "Мәңгілік ел" жалпы ұлттық идеясын жүзеге асыру. Оқыту үрдісінің тәрбиелік компонентін күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспар | 2 | | | | | | | |
| 1.2 | Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңындағы қосымша білім беру бөлімдері 27 шілде 2007 жыл | | | 2 | | | | | |
| 1.3 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурызда № 205 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ғылым және білім беруді дамыту 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инклюзивті білім беруді жүзеге асыру | 2 | | | | | | | |
| 1.4 | Қосымша білім беру педагогтерінің қызметін реттейтін нормативті-құқықтық актілер | 2 | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 4 | | 2 | 2 | | | 4 | |
| 2.1 | Балалар мен жасөспірімдердің психофизиологиялық ерекшеліктері | 2 | | | 2 | | | | |
| 2.2 | Баланың Мен-тұжырымдамасын қалыптастыру | 2 | | | | | | | |
| 2.3 | Қосымша білім беру педагогтері қызметінің педагогикалық-психологиялық аспектілері | | | 2 | | | | 2 | |
| 2.4 | Балалардың шығармашылық қабілеттері диагностикасы | | | | | | | 2 | |
| 3 | Мазмұндық модуль | 8 | | 12 | 4 | 4 | 4 | 4 | 2 |
| 3.1 | Қосымша білім беру жағдайында балалармен эксперименттік-тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру | | | 2 | | | | | |
| 3.2 | Қосымша білім беру бағдарламасын әзірлеу | 2 | | | | 2 | | | |
| 3.3 | Дарынды балалармен жұмыстарды ұйымдастыру. Дарынды балалармен жұмыстар бойынша нұсқаулықтар | | | | | | | | 2 |
| 3.4 | Қосымша білім беру жағдайында білім беру процесінің мониторингі | 2 | | | | | | | |
| 3.5 | Қосымша білім беру жағдайында балалардың сыни ойлауын дамыту технологиясы | | | 2 | | | | | |
| 3.6 | Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын қосымша білім беру ұйымдары және отбасы, мектептің ролі | | | | | | 2 | | |
| 3.7 | Жалпы білім беретін мектептің педагогикалық процесін "Өзін-өзі тану" пәнінің жүйе құрушы әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктері | 2 | | 2 | | | | | |
| 3.8 | Сын тұрғысынан ойлау тәрбиеленушілердің әлеуметтік табысты бейімделу жағдайы ретінде | | | 2 | | | | | |
| 3.9 | Өмірге құндылық көзқарасын қалыптастыру механизмі | | | | | | | 4 | |
| 3.10 | Қосымша білім беру жағдайында оқу тәрбиелік үдерісінде балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау және сүйемелдеу тұжырымдамасы | | | 2 | | | | | |
| 3.11 | Қосымша білім беру педагогтары қызметіндегі кіріктірілген амалдар | | | | 4 | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.12 | Портфолио – қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің өзін-өзі бағалау құралы | | | | | 2 | | | |
| 3.13 | Шығармашылық қабілетін дамыту бойынша ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеудің ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілері | | | | | | 2 | | |
| 3.14 | Рефлексиялық іс-әрекет педагогтің кәсіби тұлғалық өзін-өзі дамыту негізі ретінде | 2 | | 2 | | | | | |
| 3.15 | Қосымша білім беру жағдайында балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру бойынша педагогтердің практикалық қызметін жүзеге асыру | | | | | | | | |
| 3.16 | Кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың деңгейін анықтау | | | | | | | | |
| 4 | Технологиялық модуль | 2 | | 6 | 2 | | 4 | | |
| 4.1 | Қосымша білім беру жағдайында педагогтер қызметіндегі технологиялық амалдар | 2 | | | | | | | |
| 4.2 | Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда жобалау жұмыстарының технологияларын пайдалану | | | 2 | | | | | |
| 4.3 | Балалармен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда ғаламтор көздерін қолдану | | | 2 | | | | | |
| 4.4 | Қосымша білім беру жағдайында педагогтер мен балалардың АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру | | | | 2 | | | | |
| 4.5 | Қосымша білім беруде кәсіби бағдарлау технологиясын қолдану | | | 2 | | | | | |
| 4.6 | Денсаулық сақтау технологиясын қолдану зиянды қылықтардың алдын алу жағдайы ретінде | | | | | | 4 | | |
| 5 | Вариативтік модуль | | 4 | | | | | | |
| 5.1 | Толеранттылық өмірлік ұстанымының негізі ретінде | | | | | | | | |
| 5.2 | Қосымша білім беру жағдайында педагогтер мен балалардың эмоционалдық мәдениетін қалыптастыру | | | | | | | | |
| 5.3 | Фотоға түсіру технологиясы (шеберлік-сынып) | | | | | | | | |
| 5.4 | Графикалық редакторлеуде бейнефильмдер құру | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.5 | Балаларды адагершілікке тәрбиелеуде арттерапия және ертегі терапиясын қолданудың түрлері | | | | | | | | |
| 5.6 | Театрландыру балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жағдайы ретінде | | | | | | | | |
| Барлығы: | | 20 | 4 | 22 | 8 | 4 | 8 | 8 | 2 |

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Қосымша білім беру жағдайында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту" білім беру бағдарламасына 2-қосымша

## Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

| № | Тематика занятий | Күндізгі оқу 16 с. | | | | Қашықтықтан оқу 8 с. | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәріс | Семинар | Практическалық сабақ | Жоба қорғау | Вебинар | Онлайн-форум | Онлай |
| 1 | Нормативті-құқықтық модуль | 5 | 1 | 2 | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Президентінің бағдарламасы " Ұлттық жоспар -100 нақты қадам. Бәріміз үшін заманауи мемлекет" 2015 жылдың 20 мамыр "Мәңгілік ел" жалпы ұлттық идеясын жүзеге асыру. Оқыту үрдісінің тәрбиелік компонентін күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспар | 2 | | 2 | | | | |
| 1.2 | Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңындағы қосымша білім беру бөлімдері 27 шілде 2007 жыл | 1 | | | | | | |
| 1.3 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурызда № 205 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ғылым және білім беруді дамыту 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инклюзивті білім беруді жүзеге асыру | | 1 | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.4 | Қосымша білім беру педагогтерінің қызметін реттейтін нормативті-құқықтық актілер | 2 | | | | | | |
| 2 | Психологиялық-педагогикалық модуль | | | | | 2 | | |
| 2.1 | Балалар мен жасөспірімдердің психофизиологиялық ерекшеліктері | | | | | | | |
| 2.2 | Баланың Мен-тұжырымдамасын қалыптастыру | | | | | | | |
| 2.3 | Қосымша білім беру педагогтері қызметінің педагогикалық-психологиялық аспектілері | | | | | | | |
| 2.4 | Балалардың шығармашылық қабілеттері диагностикасы | | | | | 2 | | |
| 3 | Мазмұндық модуль | 2 | 2 | 2 | 2 | | 2 | |
| 3.1 | Қосымша білім беру жағдайында балалармен эксперименттік-тәжірибе жұмыстарын ұйымдастыру | | | 2 | | | | |
| 3.2 | Қосымша білім беру бағдарламасын әзірлеу | | 2 | | | | | |
| 3.3 | Дарынды балалармен жұмыстарды ұйымдастыру. Дарынды балалармен жұмыстар бойынша нұсқаулықтар | | | | | | | |
| 3.4 | Қосымша білім беру жағдайында білім беру процесінің мониторингі | | | | | | | |
| 3.5 | Қосымша білім беру жағдайында балалардың сыни ойлауын дамыту технологиясы | | | | | | | |
| 3.6 | Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын қосымша білім беру ұйымдары және отбасы, мектептің ролі | | | | | | | |
| 3.7 | Жалпы білім беретін мектептің педагогикалық процесін "Өзін-өзі тану" пәнінің жүйе құрушы әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндіктері | | | | | | | |
| 3.8 | Сын тұрғысынан ойлау тәрбиеленушілердің әлеуметтік табысты бейімделу жағдайы ретінде | | | | | | | |
| 3.9 | Өмірге құндылық көзқарасын қалыптастыру механизмі | | | | | | | |
| 3.10 | Қосымша білім беру жағдайында оқу тәрбиелік үдерісінде балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау және сүйемелдеу тұжырымдамасы | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.11 | Қосымша білім беру педагогтары қызметіндегі кіріктірілген амалдар | 2 | | | | | | |
| 3.12 | Портфолио – қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің өзін-өзі бағалау құралы | | | | | | | |
| 3.13 | Шығармашылық қабілетін дамыту бойынша ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеудің ұйымдастырушылық-педагогикалық аспектілері | | | | | | | |
| 3.14 | Рефлексиялық іс-әрекет педагогтің кәсіби тұлғалық өзін-өзі дамыту негізі ретінде | | | | | | 2 | |
| 3.15 | Жоба қорғау | | | | 2 | | | |
| 4 | Технологиялық модуль | | | | | 2 | | |
| 4.1 | Қосымша білім беру жағдайында педагогтер қызметіндегі технологиялық амалдар | | | | | | | |
| 4.2 | Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда жобалау жұмыстарының технологияларын пайдалану | | | | | | | |
| 4.3 | Балалармен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда ғаламтор көздерін қолдану | | | | | | | |
| 4.4 | Қосымша білім беру жағдайында педагогтер мен балалардың АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру | | | | | | | |
| 4.5 | Қосымша білім беруде кәсіби бағдарлау технологиясын қолдану. | | | | | | | |
| 4.6 | Денсаулық сақтау технологиясын қолдану зиянды қылықтардың алдын алу жағдайы ретінде | | | | | 2 | | |
| 5 | Вариативтік модуль | | | | | | | |
| 5.1 | Толеранттылық өмірлік ұстанымының негізі ретінде | | | | | | | |
| 5.2 | Қосымша білім беру жағдайында педагогтер мен балалардың эмоционалдық мәдениетін қалыптастыру | | | | | | | |
| 5.3 | Фотоға түсіру технологиясы ( шеберлік-сынып) | | | | | | | |
| 5.4 | Графикалық редакторлеуде бейнефильмдер құру | | | | | | | |
| 5.5 | Балаларды адагершілікке тәрбиелеуде арттерапия және ертегі терапиясын қолданудың түрлері | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.6 | Театрландыру балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жағдайы ретінде | | | | | | | |
| Вариативтік модуль бойынша онлайн-кеңес | | | | | | | | 2 |
| Барлығы: | | 7 | 3 | 4 | 2 | 4 | 2 | 2 |

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 2 мамырдағы
№ 202 бұйрығына 10-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына 78-қосымша

# Мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне) арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "М. Монтессори жүйесінің тұжырымдамалық идеяларын енгізу жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық процесін басқару" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне) арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "М. Монтессори жүйесінің тұжырымдамалық идеяларын енгізу жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық процесін басқару" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларын (меңгерушілерін) оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының білім беру салаларының міндеттерін М. Монтессори жүйесінің идеяларына кіріктіруге бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты М. Монтессори жүйесінің тұжырымдамалық идеяларын енгізу жағдайында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық

процесін модельдеу және басқару мәселелері бойынша мектепке дейінгі ұйымдары басшыларының (меңгерушілерінің) кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін, мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын жүзеге асыру бойынша білімдерін жүйелеу;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламалық міндеттерін орындау және М. Монтессори жүйесі бойынша пәндік-дамытушылық ортада жобалауды, бақылауды жүзеге асыру үшін мектепке дейінгі ұйымдар басшылары қызметінің аспектісін қарастыру;

3) мектеп жасына дейінгі балалар және олардың ата-аналарымен жұмысты қолдау негізінде педагогикалық процесті модельдеу үшін М. Монтессори жүйесінің педагогикалық-психологиялық қағидаларын зерттеу;

4) мектеп жасына дейінгі балалармен білім беру жұмыстарын модельдеу үшін М. Монтессори жүйесінің негізгі тұжырымдамалық ережелерін анықтау;

5) жоспарлау және диагностикалау мәселесі бойынша М. Монтессори идеяларын жүзеге асыру тетіктерінің тұтас бейнесін қалыптастыру;

6) М. Монтессори жүйесінің тұжырымдамалық идеяларын енгізу мен насихаттауда ақпараттық-коммуникациялық технологияны (бұдан әрі - АКТ) қолдану дағдыларын дамыту.

5. Тыңдаушылар курс аяқталғаннан кейін:

1) мемлекеттік саясаттың білім беру саласындағы басым бағыттарын, мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, мектепке дейінгі жастағы балалармен білім беру жұмысын модельдеу үшін М. Монтессори жүйесінің негізгі тұжырымдамалық ережелерін біледі;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыру үшін педагогтердің көшбасшылық әлеуетін басқаруды, М. Монтессори әдісі бойынша пәндік-дамытушылық ортаны жобалауды, бақылау жасауды, мектепке дейінгі жастағы балалар және ата-аналармен жұмысты сүйемелдеуде педагогикалық процесті модельдеу үшін М. Монтессори жүйесіндегі психологиялық-педагогикалық қағидаларды қолдана алады;

3) М. Монтессори әдістемесі бойынша мектепке дейінгі жастағы балалармен педагогикалық процесті диагностикалау және жоспарлау дағдыларын, М. Монтессори жүйесінің тұжырымдамалық идеяларын енгізу мен насихаттауда АКТ-ны қолдану дағдыларын меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) басқарушылық;

3) психологиялық-педагогикалық;

4) мазмұндық;

5) технологиялық;

6) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқыту-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) негізделеді.

8. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

9. Курстық оқытудың ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды.

10. Білім беру процесі бағдарламаның қосымшасы бойынша ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ-дағы сағаттар саны мен тақырыптары екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары, тест тапсыпмалары, тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формаларын және әдістерін қамтиды: тәжірибелік жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылауға сәйкес Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері профессорлық-оқытушылық құраммен жасалады және олар курстың ОӘК-де беріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдардың
басшыларына (меңгерушілеріне)
арналған педагогика
кадрларының біліктілігін
арттыру курсының
"М. Монтессори жүйесінің
тұжырымдамалық идеяларын

енгізу жағдайында мектепке
дейінгі ұйымдардың
педагогикалық процесін
басқару" білім беру
бағдарламасына қосымша

# Оқу-тақырыптық жоспар

| № | Сабақтың тақырыптары | Дәрістер | Таңдау дәрісі | Тәжірибелік сабақ | Тренинг | Семинар | Шеберлік сыныбы | Дөңгелек үстел | Шағын-… қорғау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 6 | | | | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңындағы және 2016 жылдың 1 наурызындағы № 205 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсатты нысандары | 4 | | | | | | | |
| 1.2 | Мектепке дейінгі ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер | 2 | | | | | | | |
| 2 | Басқарушылық модуль | 2 | | | 2 | 8 | | | |
| 2.1 | Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламасын жүзеге асырудағы басқарушылық аспект | 2 | | | | 2 | | | |
| 2.2 | Басқару стилі және көшбасшылық сатысы. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердің көшбасшылық әлеуетін дамыту | | | | | 2 | | | |
| 2.3 | М. Монтессори әдісін енгізу жағдайында мектепке дейінгі ұйымдарының қызметін басқару және бақылауды ұйымдастыру амалдары | | | | | 2 | | | |
| | М. Монтессори жүйесі бойынша пәндік-дамытушылық ортаны | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.4 | құруда мектепке дейінгі ұйым басшыларының басқарушылық құзыреттілігі | | | | 2 | 2 | | | |
| 3 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 2 | | | 2 | 4 | | | |
| 3.1 | М. Монтессори жүйесінің психологиялық-педагогикалық тетіктері | | | | | 2 | | | |
| 3.2 | М. Монтессори жүйесі бойынша әлеуметтік даму факторы ретінде мектепке дейінгі жастағы балалардың психо-физиологиялық сипаттамасы | | | | 2 | | | | |
| 3.3 | М. Монтессори жүйесінің идеясын түсіндіруде мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын психологиялық-педагогикалық қолдау | 2 | | | | 2 | | | |
| 4 | Мазмұндық модуль | 4 | | 4 | 4 | 2 | 4 | 2 | 4 |
| 4.1 | Білім беру мазмұнынының жаңаруы жағдайындағы М. Монтессори жүйесінің тұжырымдамалық негіздері | 2 | | | | 2 | | | |
| 4.2 | Мектепке дейінгі ұйымдырына М.Монтессори жүйесінің шетелдік және отандық педагогикалық тәжірибесін енгізу | 2 | | 2 | 2 | | | | |
| 4.3 | М. Монтессори жүйесі бойынша мектеп жасына дейінгі балалармен педагогикалық қызметін жоспарлаудың ерекшеліктері | | | | 2 | | 2 | | 2 |
| 4.4 | Монтессори-педагогінің жұмыс мазмұны және дайындалған пәндік-кеңістік орта | | | | | | 2 | 2 | |
| 4.5 | М. Монтессори жүйесі бойынша педагогикалық диагностика. Бала дамуының жеке карточкасы бағдарламаны меңгерудің нәтижелерін бағалау жүйесі ретінде | | | 2 | | | | | 2 |
| 4.6 | Жоба қорғау | | | | | | | | |
| | Мектепке дейінгі ұйым басшының кәсіби | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.7 | құзыреттілігін қалыптастырудың деңгейін анықтау | | | | | | | | |
| 5 | Технологиялық модуль | 2 | | 10 | 2 | | | | |
| 5.1 | Мектепке дейінгі ұйымы педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруде инновациялық педагогикалық технологияны пайдалану | | | 4 | 2 | | | | |
| 5.2 | Мектепке дейінгі ұйымдары басшысының АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру | 2 | | 2 | | | | | |
| 5.3 | Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі дағдыларын қалыптастыру үшін Мектепке дейінгі білім беру және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының білім беру аясындағы мақсаттарымен М.Монтессори жүйесінің идеяларын кіріктіру ретінде жобаның қызметі | | | 2 | | | | | |
| 5.4 | М. Монтессори әдісі бойынша "Денсаулық" білім беру аймағында тапсырмаларын жүзеге асыру үшін негіз ретінде денсаулық сақтау технологиялары | | | 2 | | | | | |
| 6 | Вариативтік модуль | | 4 | | | | | | |
| 6.1 | Басқарушылық қызметті жоспарлаудың инновациялық амалдары | | | | | | | | |
| 6.2 | Ынтымақтастық орнату негізінде бастауыш білімі бар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сабақтастық қағидасын жүзеге асыру | | | | | | | | |
| 6.3 | Педагогтерді аттестациялау мектепке дейінгі ұйымдарының қызметін арттырудың тиімді факторы ретінде | | | | | | | | |
| 6.4 | Блум Таксономиясы негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың мақсаты мен нәтижесін жоспарлау | | | | | | | | |
| 6.5 | Портфолио технологиясы мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің кәсіби | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қызметінің сапасын бағалау ретінде | | | | | | | | |
| 6.6 | Кейс-технологиясы мектепке дейінгі ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру ретінде | | | | | | | | |
| 6.7 | Білім беру сапасын қамтамасыз етуде мектепке дейінгі ұйымы басшысының рефлексивті мәдениеті | | | | | | | | |
| 6.8 | Мектепке дейінгі ұйымда талантты және дарынды балалармен жүйелі жұмыс ұлттық зияткерлік әлеуетін дамыту факторы ретінде | | | | | | | | |
| | Барлығы: | 16 | 4 | 14 | 8 | 16 | 4 | 2 | 4 |

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 2 мамырдағы
№ 202 бұйрығына 11-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына 79-қосымша

# Мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне) арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын бағалау технологиясы ретінде педагогикалық квалиметрияны пайдалану" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне) арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын бағалау технологиясы ретінде педагогикалық квалиметрияны пайдалану" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларын (меңгерушілерін) оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама мектепке дейінгі ұйымдары басшыларының (меңгерушілерінің) білім беру сапасын бағалау технологиясы ретінде педагогикалық квалиметрияның кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық квалиметрияны білім беру қызметін жетілдіру технологиясы ретінде табысты қолдануда мектепке дейінгі ұйымдар басшыларының (меңгерушілерінің) кәсіби біліктілігін дамыту.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларды мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы мемлекеттік саясатпен таныстыру;

2) стратегиялық, тактикалық, жедел басқару саласындағы білімдерін жүйелеу, тереңдету;

3) жалпы басқару сапасының жүйесімен таныстыру;

4) жалпы педагогикалық іс-әрекет пен педагогикалық инновацияда сандық бағалаудың сапасын теорияда және тәжірибеде таныстыру;

5) мониторингтік зерттеулерді жүзеге асыру үшін қажетті біліктілікті дамыту (психологиялық сараптық ортаның, педагогикалық инновациялардың нәтижелілігін қадағалау);

6) мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларының (меңгерушілерінің) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігін дамыту.

5. Тыңдаушылар курс аяқталғаннан кейін:

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларының (меңгерушілерінің) қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, білім беру қызметінің сапасын белгілейтін квалиметриялық мониторингтің теориялық негіздерін біледі;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының даму стратегиясын жасауда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда басқару сапасы қызметінің нәтижесін болжауды қолдана алады;

3) квалиметриялық өлшеулерді аналитика-логикалық өңдеу әдісін, квалиметриялық өлшемдерді жүргізу үшін заманауи компьютерлік технологияларды меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 6 модульдерден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) басқарушылық;

3) психологиялық-педагогикалық;

4) мазмұндық;

5) технологиялық;

6) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқыту-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) негізделеді.

8. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

9. Курстық оқытудың ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды.

10. Білім беру процесі бағдарламаның қосымшасы бойынша ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ-дағы сағаттар саны мен тақырыптары екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары, тест тапсыпмалары, тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формаларын және әдістерін қамтиды: тәжірибелік жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылауға сәйкес Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері профессорлық-оқытушылық құраммен жасалады және олар курстың ОӘК-де беріледі.

Мектепке дейінгі ұйымдардың басшыларына (меңгерушілеріне) арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын бағалау технологиясы ретінде педагогикалық квалиметрияны пайдалану" білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

| № | Сабақ тақырыптары | Дәрістер | Таңдау дәрісі | Тәжірибелік сабақ | Тренинг | Семинар | Шеберлік сыныбы | КТС | Дөңгелек үстел | Ш... қо... |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | | | | | 6 | | | | |
| 1.1 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары және педагогикалық қызметкерлердің әрекетін реттейтін нормативтік құқықтық актілер | | | | | 4 | | | | |
| 1.2 | Қазақстан Республикасы "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсатты нысандары | | | | | 2 | | | | |
| 2 | Басқарушылық модуль | 4 | | | 2 | 4 | | | 2 | |
| 2.1 | Мектепке дейінгі ұйымдарды дамытудағы басқару және көшбасшылық | | | | | | | | 2 | |
| 2.2 | Мектепке дейінгі білім берудің сапасын басқарудағы квалиметриялық амал | 2 | | | | 2 | | | | |
| 2.3 | Қазіргі менеджменттегі корпоративтік мәдениет | | | | 2 | | | | | |
| 2.4 | Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару негіздері | 2 | | | | 2 | | | | |
| 3 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 2 | | 4 | 2 | | | | | |
| 3.1 | Психологиялық-педагогикалық диагностикадағы әдіснамалық амалдар | 2 | | | 2 | | | | | |
| 3.2 | Педагогикалық ұжымды басқарудың психологиялық негіздері | | | 2 | | | | | | |
| 3.3 | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарын рефлексифтік басқаруы | | | 2 | | | | | | |
| 4 | Мазмұндық модуль | 4 | | 2 | 2 | 6 | 2 | 4 | | 2 |
| 4.1 | "Сапа менеджменті", "білім сапасы" түсініктері | | | | 2 | | 2 | | | |
| 4.2 | Білім беру мен оқыту саласындағы Халықаралық сапа стандарты ИСО 9001-2000 | 2 | | | | 2 | | | | |
| 4.3 | Педагогикалық квалиметрияның әдіснамалық негіздері мен мәні. Бағалау объектілері | 2 | | | | 2 | | | | |
| 4.4 | Білім беру ұйымдарында менторинг және коучинг әдісін қолдану | | | 2 | | | | | | |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.5 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарында квалиметриялық әдістемесін қолдану | | | | | | | 2 | | |
| 4.6 | Балабақшаны дамыту бағдарламасынан үзінділерді панорамалық қорғау | | | | | | | | | 2 |
## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты зорлық-зомбылықтың алдын-алу мәселесі бойынша орта білім беру ұйымдарының мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру, тәрбие беру процесінде педагогикалық-психологиялық қолдаудың тиімді жүйесін құру арқылы мектепте қауіпсіз білім беру ортасын құруға көмектесу, тәрбиенің заманауи ұстанымдары мен амалдарын жүзеге асыру.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) білім беру ұйымдарында тәрбиелік процесті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді қарастыру;

2) оқу-тәрбие мазмұнын жаңартудың қажеттілігі мен байланысын зерттеу, мазмұнын ашу;

3) мектепте балаларға байланысты зорлық-зомбылықты болдырмауға қатысты әлемдік тәжірибелерді кіріктіру бойынша тәрбие үдерісінің мазмұнын жаңарту ерекшеліктерін қарастыру;

4) Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде тәрбие бағдарламасының мазмұнын меңгеру;

5) тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендірудің белсенді стратегиясын қолдануға, тәрбиелік процесті психологиялық қолдау, қауіпсіз білім беру ортасын құру, мектепте зорлық-зомбылықтың алдын алуды ұйымдастыру дағдысын қалыптастыру;

6) қауіпті мінез-құлықтың жауапкершілікке өзгеруі, өз бетімен шешім қабылдау дағдысын қалыптастыруға, сыни ойлауды дамытуға, ақпарат пен білімді өз бетінше алу негізінде тұлғаның әлеуметтенуіне бағытталған интербелсенді тәрбие беру әдістеріне көшу қажеттігін түсіну;

7) сыни ойлауды дамытуға және ынтымақтастыққа мүмкіндік беретін субъект-субъектілік қарым-қатынасқа негізделген, оқушылармен тұлғаға бағдарланған амал негізінде белсенді және қарқынды қарым қатынасқа көшу қажеттігін түсіну;

8) "Назарбаев Зияткерлік мектебі" ДББҰ-ның тәжірибесін зерделеу негізінде тәрбие жұмысы жүйесін құру амалдарын қарастыру.

5. Тыңдаушылар курс аяқталғаннан кейін:

1) балалардың құқықтарын қорғауға қатысты нормативтік құқықтық актілерді , құқықтық тәрбиенің заманауи тәсілдері негізін, өзектілігін және айрықша ерекшеліктерін, қаталдық зорлық-зомбылық пен суицидті алдын алу жүйесін құру жолдарын біледі;

2) оқушылардың құқықтық тәрбиелік деңгейін бағалау технологиясын, даулы жағдайларды шешуде әрекет ету стратегияларын, күтілетін тәрбие нәтижелерін реттеуде тәрбиелік процестің психологиялық жүйесін қолдана алады;

3) мектепте қатыгездік, суицидтің және зорлық-зомбылықтың алдын алу, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету бойынша бағдарламаны меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) басқарушылық;

3) психологиялық-педагогикалық;

4) мазмұндық;

5) технологиялық;

6) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқыту-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) негізделеді.

8. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

9. Курстық оқытудың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

10. Білім беру процесі бағдарламаның қосымшасы бойынша ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ-дағы сағаттар саны мен тақырыптары екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары, тест тапсыпмалары, тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формаларын және әдістерін қамтиды: тәжірибелік жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек

үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылауға сәйкес Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері профессорлық-оқытушылық құраммен жасалады және олар курстың ОӘК-де беріледі.

Қазақ және орыс тілдерінде<br>оқытатын орта білім беру<br>ұйымдары директорларының<br>тәрбие ісі жөніндегі<br>орынбасарларына арналған<br>педагогика кадрларының<br>біліктілігін арттыру курсының<br>"Білім беру ұйымдарында<br>кәмелетке толмаған балалар<br>арасында суицидті<br>мінез-құлықтың және<br>зорлық-зомбылықтың алдын<br>алу" білім беру бағдарламасына<br>қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

| № | Сабақтың тақырыптары | Дәрістер | Таңдау дәрісі | Тәжірибелік сабақ | Тренинг | Семинар | КТС | Шағын сабақты қорғау | Қорытынды тестілеу | Б |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 6 | | | | | | | | 6 |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылдың 20 мамырдағы "Ұлт жоспары – 100 нақты қадам. Баршаға арналған қазіргі заманауи мемлекет" Бағдарламасы | 2 | | | | | | | | 2 |
| 1.2 | Қазақстан Республикасы " Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңындағы орта білім беру мақсатты нысандары. 2016 жылдың 1 наурызындағы № 205 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы | 2 | | | | | | | | 2 |
| | ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылдың 8 маусымдағы № 77 қаулысымен ратифицияланған | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.3 | "Бала құқығы туралы" БҰҰ-ның Конвенциясы. Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 8 тамызындағы № 345-II "Бала құқықтары туралы" заңы. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Барлық білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісінің тәрбиелік компонентін күшейтудің типтік кешенді жоспары | 2 | | | | | | | | 2 |
| 2 | Басқарушылық модуль | 2 | | | 10 | | | | | 1 |
| 2.1 | Білім беру ұйымдарында бала құқықтарын сақтау | 2 | | | | | | | | 2 |
| 2.2 | Білім берудің жаңа моделіне сәйкес тәрбие мазмұнын қайта бағдарлау | | | | 2 | | | | | 2 |
| 2.3 | "Мәңгілік ел" жалпы ұлттық идеясы негізінде тәрбиенің әдіснамасы, мазмұны мен құрылымын жаңарту; отбасы тәрбиесінің құндылықтарын дамыту, оқыту мен тәрбиені кіріктіру | | | | 2 | | | | | 2 |
| 2.4 | Оқушыларды діни және этникалық толеранттылыққа тәрбиелеу | | | | 2 | | | | | 2 |
| 2.5 | Назарбаев зияткерлік мектебі" ДББҰ тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәжірибесі | | | | 4 | | | | | 4 |
| 3 | Психологиялық-педагогикалық модуль | | | 4 | 4 | 4 | | | | 1 |
| 3.1 | Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылық пен суицидті мінез-құлықтың алдын алудың педагогикалық-психологиялық негіздері | | | | 2 | 2 | | | | 4 |
| 3.2 | Мектепте зорлық-зомбылықты болдырмау мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді моделі | | | 2 | 2 | | | | | 4 |
| 3.3 | Ата-аналармен жұмысты ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық технологиялары | | | 2 | | 2 | | | | 4 |
| 4 | Мазмұндық модуль | 6 | | 4 | 14 | | 4 | 2 | 2 | 3 |
| | Білім беру ұйымдарында суицидті мінез-құлық пен зорлық-зомбылықтың алдын | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.1 | алудың негізгі бағыттары, жұмыс түрлері мен әдістері | | | | 4 | | | | | 4 |
| 4.2 | Оқушылардың девиантты мінез-құлқының алдын алуда педагогтардың құзыреттілігін арттыру | | | | 2 | | | | | 2 |
| 4.3 | ЮНИСЕФ Балалар қорының " Мектептердегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әрекет ету бойынша сынамалы бағдарламасы" | 2 | | | | | 2 | | | 4 |
| 4.4 | "Мектептердегі зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған орай әрекет ету бойынша сынамалы бағдарламасының" негізгі құрамдас бөліктері | | | 2 | 2 | | | | | 4 |
| 4.5 | Мектептегі зорлық-зомбылық: себептері, зардабы, алдын алу | | | | 2 | | | | | 2 |
| 4.6 | Алдын алу жұмыстарын ұйымдастыруда инновациялық технологияларды қолдану | | | | | | 2 | | | 2 |
| 4.7 | Суицидті мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал ететін факторлардың алдын алу | 2 | | | 2 | | | | | 4 |
| 4.8 | Балалардағы суицидті мінез-құлықтың қаупін алдын ала ерте анықтау және диагностикалау | 2 | | | 2 | | | 2<br>2 | | 6 |
| 4.9 | Мектепте девиантты мінез-құлықтың алдын алу бойынша отбасымен жұмыс жүйесі | | | 2 | | | | | | 2 |
| 4.10 | Тыңдаушылардың білім, білік деңгейлерін анықтау ( диагностика) | | | | | | | | 2 | 2 |
| 5 | Технологиялық модуль | | | 6 | 8 | | | | | 1 |
| 5.1 | Білім беру жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастыру | | | 4 | | | | | | 4 |
| 5.2 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мобилді және смарт оқыту | | | 2 | | | | | | 2 |
| 5.3 | Педагогикалық технологиялар педагогикалық жобалау жүйесі ретінде | | | | 4 | | | | | 4 |
| | Тұлғалық-құзыреттілік амалды ендіру жағдайында | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.4 | тәрбие үдерісін технологияландыру | | | | 4 | | | | | 4 |
| 6 | Вариативтік бөлім | | 4 | | | | | | | 4 |
| 6.1 | Мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының кәсіби дамуындағы өзіндік білім алудың рөлі | | | | | | | | | |
| 6.2 | Білім беру ұйымы басшысының кәсіби қызметіндегі педагогикалық этика | | | | | | | | | |
| 6.3 | Мектептегі зорлық-зомбылықтың алғашқы алдын алу бойынша оқу бағдарламасын құру | | | | | | | | | |
| 6.4 | Білім берудің мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру үрдісін психологиялық-педагогикалық қолдау | | | | | | | | | |
| 6.5 | Бейіндендіру құзырлылық амал мен білім алушылардың тұлғасын әлеуметтендіруді жүзеге асырудың маңызды бағыты ретінде | | | | | | | | | |
| 6.6 | Оқушылардың арасында экстремизм, лаңкестіктің алдын алу бойынша психологиялық қызмет | | | | | | | | | |
| 6.7 | Мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметіне жаңа білім беру технологияларын ендіру | | | | | | | | | |
| 6.8 | Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған психологиялық көмектің негізгі бағыттары мен ерекшеліктері | | | | | | | | | |
| | Барлығы: | 14 | 4 | 14 | 36 | 4 | 4 | 2 | 2 | 8 |

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 2 мамырдағы
№ 202 бұйрығына 22-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына 90-қосымша

## Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Орта білім беру ұйымдарында апатты жағдайлар қаупін төмендету" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Орта білім беру ұйымдарында апатты жағдайлар қаупін төмендету" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларын оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама қауіпсіздік мінез-құлық негіздерін оқытуды жоспарлауда тәжірибелік дағдыларды дамытуға және өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге, қауіпсіз білімдік ортаны құруға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты апатты және төтенше жағдайларда қауіпсіз тәртіп негіздеріне мектеп жастағы балаларды тиімді оқыту мәселелері бойынша орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) апатты жағдайлар қаупін төмендету бойынша орта білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді меңгеру;

2) орта білім беру ұйымдарында апатты жағдайлар қаупін төмендету бойынша негізгі принициптер мен білім беру жұмыстарының бағыттарын қарастыру;

3) қауіпсіз тәртіптің негіздерін жоспарлау дағдыларын, монторинг саласында білімін және апатты жағдайларда қаупін төмендету бойынша қызметін бағалау дағдыларын қалыптастыру;

4) апатты және төтенше жағдайларда қаупсіз тәртіп негіздерін мектеп жасындағы балаларды оқытуда инновациялық білім беру технологияларын пайдалану бойынша білімдерін қалыптастыру;

5) апатты жағдайларда қаупін төмендетуді оқыту кезінде психологиялық қолайлығын құру үшін балалармен олардың ата-аналарымен қатынасу дағдыларын қалыптастыру;

6) оқу үрдісінде ақпараттық коммуникациялық технологияны (бұдан әрі - АКТ) пайдалану бойынша құзыреттілігін қалыптастыруды қолдау.

5. Тыңдаушылар курс аяқталғаннан кейін:

1) апатты жағдайлар қаупін төмендету бойынша орта білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, орта білім беру ұйымдарында апатты жағдайлар қаупін төмендету бойынша негізгі принициптер мен білім беру жұмыстарының бағыттарын біледі;

2) апатты және төтенше жағдайларда қаупсіз тәртіп негіздерін мектеп жасындағы балаларды оқытуда инновациялық білім беру технологияларын пайдалануды, оқу үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны (бұдан әрі - АКТ) пайдалану бойынша құзыреттілігін қолдана алады;

3) қауіпсіз тәртіптің негіздерін жоспарлау дағдыларын, монторинг саласында білімін және апатты жағдайларда қаупін төмендету бойынша қызметін бағалауды , апатты жағдайларда қаупін төмендетуді оқыту кезінде психологиялық қолайлығын құру үшін балалармен олардың ата-аналарымен қатынасу дағдыларын меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) басқарушылық;

3) психологиялық-педагогикалық;

4) мазмұндық;

5) технологиялық;

6) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқыту-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) негізделеді.

8. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

9. Курстық оқытудың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

10. Білім беру процесі бағдарламаның қосымшасы бойынша ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ-дағы сағаттар саны мен тақырыптары екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс,

шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары, тест тапсыпмалары, тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формаларын және әдістерін қамтиды: тәжірибелік жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылауға сәйкес Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері профессорлық-оқытушылық құраммен жасалады және олар курстың ОӘК-де беріледі.

Қазақ және орыс тілдерінде
оқытатын орта білім беру
ұйымдары директорларының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасарларына арналған
педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру курсының
"Орта білім беру ұйымдарында
апатты жағдайлар қаупін
төмендету" білім беру
бағдарламасына қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

| № | Сабақ тақырыптары | Дәрістер | Таңдау дәрісі | Тәжірибелік сабақ | Тренинг | Семинар | Шеберлік сыныбы | Дөңгелек үстел | Шағын-с қорғау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 4 | | | 2 | | | | |
| 1.1 | "Ұлт жоспары - 100 нақты қадам. Баршаға арналған қазіргі заманауи мемлекет" Бағдарламасын жүзеге асыру. 2016 жылдың 1 наурызындағы № 205 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңындағы орта білім берудің мақсатты нысандары | 2 | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.2 | Төтенше жағдайлар саласында білімді насихаттау, халықты және мамандарды оқытып-үйрету, хабардар ету ережесін бекіту туралы нормативтік, құқықтық негіздері. Қазақстан Республикасында апатты жағдайлардың алдын алу, ескерту және іс-әрекетінің мемлекеттік жүйесі | | | | 2 | | | | |
| 1.3 | БҰҰ бекіткен 2015 жылдан кейінгі апатты жағдайларда қаупті төмендету саласында Сендай іс-әрекет бағдарламасы . Білім беру саласында апаттар қауіптілігін азайту бойынша ҚР білім және ғылым министрі , ҚР төтенше жағдайлар министрі мен БҰҰ Балалар қоры "ЮНИСЕФ" өкілдігі үшжақты Меморандум. | 2 | | | | | | | |
| 2 | Басқарушылық модуль | 4 | | 4 | 2 | | | 2 | |
| 2.1 | Апатты жағдайларды төмендетудегі білім беру ұйымдарының рөлі | | | 2 | 2 | | | | |
| 2.2 | Білім беру ұйымдарында апатты жағдайлар қаупін төмендету бойынша диектордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының қызметінің негізгі принциптері мен негізгі бағыттары | 2 | | 2 | | | | | |
| 2.3 | Білім беру ұйымдарында педагогтардың апатты жағдайлар қаупін төмендету процессін басқарудағы практикалық дағдыларын қалыптастыру | 2 | | | | | | 2 | |
| 3 | Психологиялық-педагогикалық модуль | | | 6 | 6 | | | | |
| 3.1 | Төтенше жағдайларда балаларды психологиялық қолдау | | | 2 | 2 | | | | |
| 3.2 | Төтенше жағдайларда балалардың психикасы бұзылған кезде психологиялық-медициналық көмек | | | 2 | 2 | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.3 | Оқушылардың қаупсіз тәртібін қалыптастыру бойынша ата-ана жұмысын қолдау | | | 2 | 2 | | | | |
| 4 | Мазмұндық модуль | 4 | | 10 | 4 | 4 | 2 | | 4 |
| 4.1 | Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының білім беру саласын интеграциялау негізінде оқушылардың қауіпсіз тәртіптерінің дағдыларын қалыптастыру | 2 | | | | 2 | | | |
| 4.2 | Апатты жағдайда қаупті төмендету бойынша мұғалімдерге құралды келесі модульдер арқылы іске асыру: 1-модуль. Төтенше жағдайлар. 2-модуль. Жер сілкінісі. 3-модуль. Су тасқыны; 4-модуль. Өрт. 5-модуль. Селдер мен көшкіндер. 6-модуль. Төмен температуралар. 7-модуль. Алғашқы көмек көрсету | 2 | | 2 | 2 | | | | |
| 4.3 | Қаупсіз тәртіп негіздерін жоспарлаудағы жаңа тәсілдер. Жоспарлау түрлері: ұзақмерзімді, ортамерзімді, қысқамерзімді | | | 4 | 2 | | | | |
| 4.4 | Апатты және төтенше жағдайларда қаупсіз тәртіп негіздерін мектеп жасындағы балаларды оқытуда инновациялық білім беру технологияларын пайдалану | | | 2 | | | 2 | | |
| 4.5 | Апатты және төтенше жағдайларда қауіпсіз тәртіп негіздері бойынша білім беру жетістіктерін бағалау жүйесін қалыптастыру | | | 2 | | 2 | | | |
| 4.6 | Апатты және төтенше жағдайларда қауіпсіз бойынша орта білім беру қызметкерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейін анықтау (кіріс диагностика) | | | | | | | | |
| 4.7 | Шағыноықту негізінде тренингтік қызметтің фрагментін панорамалық қорғау | | | | | | | | 4 |
| 4.8 | Жоба қорғау | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Технологиялық модуль | 2 | | 10 | | | 2 | | |
| 5.1 | Апатты жағдайда қауіпті төмендету мәселесі бойынша орта білім беру ұйымдарында ақпараттық қамтамасыз етуде АКТ | 2 | | 4 | | | | | |
| 5.2 | Оқушылардың денсаулығын сақтау негізі ретінде денсаулық сақтау технологиясын іске асыру | | | 2 | | | 2 | | |
| 5.3 | Апатты жағдайда қауіпті төмендету бойынша оқытуда электрондық контентті орнату | | | 4 | | | | | |
| 6 | Вариативтік модуль | | 4 | | | | | | |
| 6.1 | Қазақстан білім беру ұйымдарында апатты жағдайда қауіпті төмендету бойынша үздік тәжірибесі | | | | | | | | |
| 6.2 | Апатты жағдайда қауіпті төмендету бойынша ата-аналармен жұмыс жоспары | | | | | | | | |
| 6.3 | Оқушыларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруда интерактивті әдістерді қолдану | | | | | | | | |
| 6.4 | Апатты жағдайлар қаупін төмендету мәселесі бойынша әлеуметтік серіктестік және ынтымақтастық | | | | | | | | |
| 6.5 | Апатты жағдайлар қаупін төмендету бойынша жұмыста сабақтастық және үздіксіздік принциптерін сақтау | | | | | | | | |
| 6.6 | Сейсмо және өртке қарсы жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу | | | | | | | | |
| 6.7 | Оқушыларда өмірлік қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруда тәлімгерлік етудің рөлі | | | | | | | | |
| 6.8 | Табиғи апаттар және төтенше жағдайлар бойынша жұмыста мектептегі психологиялық қызметтің рөлі | | | | | | | | |
| | Барлығы: | 14 | 4 | 30 | 14 | 4 | 4 | 2 | 4 |

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 2 мамырдағы
№ 202 бұйрығына 23-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына 91-қосымша

# Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектеп оқушылары арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуды басқарудың құзырлылық амалы" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектеп оқушылары арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуды басқарудың құзырлылық амалы" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларын оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама ең алдымен осы мәселе бойынша алдын алу қызметті ұйымдастыру мен жүргізу білім беру ұйымдары директорларының тәрбие жұмысы бойынша орынбасарларынан арнайы құзыреттілікті талап етуге бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының оқушылар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуды басқарудың құзырлылық амалдары бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) мемлекеттіліктің және тәуелсіздіктің негізі ретінде зайырлылық туралы түсінікті қалыптастыру;

2) әлемдік діндердің ғұрыптық тәжірибесі мен жүйесінің ерекшеліктерін түсіндіру;

3) білім беру ұйымдарында терроризм мен діни экстремизмнің алдын алуды басқарудың құзыреттілік тәсілдерін зерделеу;

4) жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу бойынша тәжірибелік дағдыларды меңгеру;

5) тәрбие жұмысында рухани-адамгершілік, патриоттық және көшбасшылық қасиеттерді тиімді қалыптастыруды қамтамасыз ететін инновациялық әдістер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру.

5. Тыңдаушылар курс аяқталғаннан кейін:

1) экстремистік іс-әрекеттің және терроризмнің алдын-алу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары мен бағыттарын, экстремизм мен терроризмге қарсы тұру бағытындағы мемлекеттік органдардың жүйесі мен құрылымын, білім беру саласындағы экстремистік іс-әрекеттің алдын алу шараларын басқару тетіктері мен құралдарын біледі;

2) мектеп оқушылары арасында діни экстремизм және терроризмнің алдын алудың тиімді түрлері мен әдістерін қолдануды, теріс пиғылды идеологияны қажетсінбеуді қалыптастыруға бағытталған тәрбие беру үдерісін сауатты жоспарлауды, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастыруда теориялық және әдістемелік материалдарды қолдана алады;

3) діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуды басқарудың құзыреттілік тәсілдерін, экстремистік идеология құрбандарын психологиялық-педагогикалық қолдау әдістерін меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) басқарушылық;

3) психологиялық-педагогикалық;

4) мазмұндық;

5) технологиялық;

6) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқыту-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) негізделеді.

8. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

9. Курстық оқытудың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

10. Білім беру процесі бағдарламаның қосымшасы бойынша ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ-дағы сағаттар саны мен тақырыптары екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары, тест тапсыпмалары, тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формаларын және әдістерін қамтиды: тәжірибелік жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылауға сәйкес Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері профессорлық-оқытушылық құраммен жасалады және олар курстың ОӘК-де беріледі.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектеп оқушылары арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуды басқарудың құзырлылық амалы" білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

| № | Сабақтың тақырыбы | Дәріс | Дәріс-тандау | Тәжірибелік сабақ | Тренинг | Семинар | Конференция | Дөңгелек үстел | І с т |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 6 | | | | | | | |
| 1.1 | "Ұлт жоспары - 100 нақты қадам. Баршаға арналған қазіргі заманауи мемлекет" Бағдарламасын жүзеге асыру. 2016 жылдың 1 наурызындағы № 205 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған | 2 | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы | | | | | | | |
| 1.2 | Қазақстан Республикасының " Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы" Заңын жүзеге асыру жолдары 18 ақпан 2005 жылғы | 2 | | | | | | |
| 1.3 | Қазақстанда мемлекеттік органдардың діни ланкестік мен терроризмге қарсы әрекет жасаудағы өзара ықпалдастығы. Қазақстан Республикасында 2013-2017 жылдарға арналған діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру | 2 | | | | | | |
| 2 | Басқарушылық модуль | 2 | | 4 | 4 | 2 | | |
| 2.1 | Зайырлы құндылықтарды нығайтуға бағытталған тәрбие үдерісін басқарудағы құзыреттілік амалдар | | | | 2 | 2 | | |
| 2.2 | Білім беру ұйымдары директорларының тәрбие ісі бойынша орынбасарларының басқару қызметіндегі мәдениетін жетілдіру | | | 2 | 2 | | | |
| 2.3 | Экстремизм мен терроризмді алдын алу бойынша тәрбиелік іс-шаралардың нысандары және ұйымдастыру стратегиялары | 2 | | 2 | | | | |
| 3 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 2 | | 2 | 4 | 4 | | |
| 3.1 | Оқушыларда діни және этникалық толеранттылықты қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері | | | | 2 | | | |
| 3.2 | Тұлғаның деструктивті топтарға тартылуының психологиялық тетіктерін зерттеу және бейтараптандыру | | | | 2 | | | |
| 3.3 | Тәрбие процесін психологиялық сүйемелдеуде, педагогтер, балалар мен ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру | 2 | | 2 | | | | |
| | Терроризм актісінің салдарынан жәбірленуші | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.4 | адамдарды психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру | | | | | 4 | | | |
| 4 | Мазмұндық модуль | 6 | | 6 | 6 | 6 | 2 | 2 | 2 |
| 4.1 | Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі: терроризм және экстремизм | 2 | | | | | | | |
| 4.2 | Терроризм жаңарған қоғамның жаһандық проблемасы ретінде | | | 2 | | | | | |
| 4.3 | Қазақстан Республикасының террорлық әрекеттерге қарсы саясатының негіздері | | | | 2 | 2 | | | |
| 4.4 | Жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын ала отырып, олардың бойында жаңа толерантты сананы қалыптастыру жолдары | 2 | | | 2 | | | | |
| 4.5 | Зайырлы толеранттылық қоғамда "Мәңгілік ел" ұлттық идеясын жүзеге асыру негіздері | | | 2 | | 2 | | | |
| 4.6 | Терроризм мен экстремизмге қарсы тұрудың негізгі құқықтық аспектілері | 2 | | | | 2 | | | |
| 4.7 | Зайырлылық және зайырлы мемлекет: анықтамасы, мәні және белгілері | | | | 2 | | | | |
| 4.8 | Радикалды діни идеологияның қоғамдағы болмысы мен залалы | | | | | | | 2 | |
| 4.9 | Интернет және терроризм | | | 2 | | | 2 | | |
| 4.10 | Ұлтаралық мәдени қарым-қатынас терроризмге қарсы күрестің негізгі факторы ретінде | | | | | | | | 2 |
| 4.11 | Тыңдаушылардың қалыптастырылған құзреттілік деңгейлерін анықтау | | | | | | | | |
| 5 | Технологиялық модуль | 2 | | 4 | | 2 | | 6 | |
| 5.1 | Оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | | | | | 2 | | | |
| 5.2 | Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы И.П.Ивановтың ҰШЖ ( ұжымдық шығармашылық жұмыс) технологиясы | | | 2 | | | | | |
| | Сын тұрғысынан ойлау - білім мазмұнын жаңарту | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.3 | жағдайын-да тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру негізі (Чарльз Темпл, Джинни Стил, Курт Мередит) | 2 | | | | | | | |
| 5.4 | Оқушыларды этникалық және діни толеранттылыққа тәрбиелеуде оқытудың интерактивтік технологияларын ендіру және қолдану | | | 2 | | | | | |
| 5.5 | Шағын оқыту негізінде басқару қызметінің фрагментін панорамалық қорғау | | | | | | | 6 | |
| 6 | Вариативтік модуль | | 4 | | | | | | |
| 6.1 | Діни мәдениет және зайырлы этика | | | | | | | | |
| 6.2 | Көшпелі тәжірибелік сабақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемелерінің терроризмге қарсы іс-қимыл құзыреті | | | | | | | | |
| | Барлығы: | 1 | 4 | 16 | 14 | 14 | 2 | 8 | 2 |

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 2 мамырдағы
№ 202 бұйрығына 24-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 28 қаңтардағы
№ 92 бұйрығына 92-қосымша

# Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын арнайы білім беру ұйымдары директорларының орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Арнайы мектеп жағдайында педагогикалық түзету жұмыстарын ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау.Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын арнайы білім беру ұйымдары директорларының орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Арнайы мектеп жағдайында педагогикалық

түзету жұмыстарын ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын арнайы білім беру ұйымдары директорларының орынбасарларын оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп жағдайында психологиялық-педагогикалық және түзету жұмыстарды ұйымдастыруға жаңа талаптар құруға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары директорларының орынбасарларының кәсіби біліктілігін арттыру болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды арнайы оқыту мен тәрбиелеудің жүйесін зерделеу;

2) арнайы білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеу процесінің формаларын, инклюзивті білім беруде мемлекеттік талаптарды іске асыру жолдарын қарастыру;

3) оқу және тәрбие жұмысы бойынша ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының директор орынбасарларының басқарушылық қызметін жүзеге асыру мен басқарушылық мәдениетіндегі іскерліктерін қалыптастыру;

4) ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары жағдайында балалармен педагогикалық-түзету және тәрбие жұмыстарын жүргізудің амалдары мен бағыттарын зерделеу.

5) ұжымдық мәдениетті қолдану дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету;

6) курс бойынша материалдарды зерделеуде тыңдаушыда жауапкершілікті, өз бетімен жұмыс істеушілікті, ұйымдастырушылықты дамыту;

7) тыңдаушыларда белсенді шығармашылық, ізденушіліктерін алға бастыру;

8) ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары директорларының оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасарларының ақпараттық-коммуникациялық технологиялық (бұдан әрі - АКТ) құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ету;

9) ерекше білім беру қажеттліктері бар балаларға арналған "ассистивті ( көмекші) технологиялар мен құралдарды" бағыттау бойынша білім беру басшыларының АКТ-құзыреттіліктерін арттыруға көмектесу.

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) арнайы және жалпы білім беретін мектептердегі арнайы және инклюзивті білім беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, арнайы білім беру

жүйесіндегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп директорының оқу және тәрбие жұмыстары бойынша орынбасарының кәсіби қызметінің мазмұнын, олар жүргізетін психологиялық-педагогикалық, түзету және басқарушылық негіздерін, арнайы мектеп жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі жаңа амалдарды, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін біледі;

2) арнайы мектептерде қызмет шартына байланысты өз бетінше мақсатты және түзету, білім беру мен тәрбиелік өз бетінше міндеттерді анықтай алуды, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша нақты шешім қабылдайды және педагогикалық-түзету мәселелерді қоюды, арнайы мектеп жағдайында оқытуда түзету және білім беру шарттары мен мазмұнын, бағыттарын анықтауды, ұйымның сұранысын анықтау барысында түзету, білім және тәрбие беру жұмыстарын сауатты атқаруды қолданады; ұйымның сұранысына орай коррекциялық қызмет түрлері мен әдісін; берілген тапсырмаларды орындауға шешім қабылдау үшін мүмкіндіктер мен жеке ресурстарға баға беруді, арнайы мектеп жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған "ассистивті (көмекші) технологиялар мен құралдарды" қолдана алады;

3) түрлі берілген тапсырмаларды орындау туралы шешім қабылдау үшін өзінің ресурстары мен мүмкіндіктерін бағалау дағдыларын, өзінің қызметіне зерттеу мен талдау жасай алды, заманауи ғылыми зерттеу негізінде басқарушылық дағдыларын жетілдіру дағдыларын; оқушылардың жетістіктерін бағалаудағы критериалды бағалауды қолдану дағдыларын, түрлі категориялы балалармен жұмыс істеу дағдысын; табысты нәтижеге қол жеткізу үшін таңдап алған тәсілдер, амалдар мен үлгілер негізінде түзету мен даму нәтижесін болжау дағдысын, педагогикалық қызмет пен басқарушылықты қарқындату жағдайында жаңа АКТ-технологияларды меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) басқарушылық;

3) психологиялық-педагогикалық;

4) мазмұндық;

5) технологиялық;

6) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқыту-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) негізделеді.

8. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

9. Курстық оқытудың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

10. Білім беру процесі бағдарламаның қосымшасы бойынша ОТЖ сәйкес ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ-дағы сағаттар саны мен тақырыптары екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары, тест тапсыпмалары, тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формаларын және әдістерін қамтиды: тәжірибелік жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылауға сәйкес Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері профессорлық-оқытушылық құраммен жасалады және олар курстың ОӘК-де беріледі.

Қазақ және орыс тілдерінде
оқытатын арнайы білім беру
ұйымдары директорларының
орынбасарларына арналған
педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру курсының
"Арнайы мектеп жағдайында
педагогикалық түзету
жұмыстарын ұйымдастыру"
білім беру бағдарламасына
қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

| № | Сабақтың тақырыптары | Дәріс | Таңдау дәрісі | Тәжірибелік сабақ | Тренинг | Семинар | Шеберлік сынып | КТС | Конс |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативті-құқықтық модуль | 4 | | 2 | | | | | |
| 1.1 | "Ұлт жоспары - 100 нақты қадам. Баршаға арналған қазіргі заманауи мемлекет" Бағдарламасын жүзеге асыру. 2016 жылдың 1 наурызындағы № 205 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасындағы инклюзивті білім берудің мақсатты нысандары | 2 | | | | | | | |
| 1.2 | Қазақстанда арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік құқықтық негіздері | 2 | | 2 | | | | | |
| 2 | Басқарушылық модуль | 4 | | | 6 | | | | |
| 2.1 | Арнайы мектеп жағдайындағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың заманауи талаптары | 2 | | | | | | | |
| 2.2 | Арнайы мектеп директорының оқу және тәрбие бойынша орынбасарларының тәрбиелік функциясы және басқарушылық мәдениеті | 2 | | | 2 | | | | |
| 2.3 | Заманауи мектепті тиімді басқаруға арнаған басшының медиақұзырлылығын дамыту | | | | 2 | | | | |
| 2.4 | Арнайы мектептерде оқу және тәрбие жұмысын басқару технологиясы | | | | 2 | | | | |
| 3 | Психологиялық-педагогикалық модуль | | | 2 | 10 | | | | |
| 3.1 | Арнайы мектеп жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық және түзетуді қолдауды ұйымдастыру | | | | 4 | | | | |
| 3.2 | Психикалық дамуы кеш қалған, зияткерлік дамуында түрлі кемшіліктері бар, көзі нашар көретін, тілінде, тірек қимыл аппаратында ақауы бар, ерте жастан аутист балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері | | | 2 | 2 | | | | |
| 3.3 | Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектептердегі психологиялық қызмет | | | | 2 | | | | |
| 3.4 | Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі жеке баланың психологиялық денсаулығына жасалған оң жағдай ретінде | | | | 2 | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Мазмұндық модуль | 6 | | 16 | | 2 | | 4 | |
| 4.1 | Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды педагогикалық-түзету жұмыстарындағы негізі бағыттар | | | 2 | | 2 | | | |
| 4.2 | Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі заманауи педагогикалық-түзету және тәрбиелеу технологияларын қолдану | | | 2 | | | | | |
| 4.3 | Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды әлеуметтендіру мен тәрбиелеу үдерісіндегі отбасының рөлі | 2 | | | | | | | |
| 4.4 | Арнайы мектеп жағдайында психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық консилиумның рөлі | 2 | | 2 | | | | | |
| 4.5 | Балаларды үйден оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздері | | | | | | | 4 | |
| 4.6 | Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды кәсіпке дейінгі және әлеуметтік-еңбекке бейімдеуді басқару | | | 2 | | | | | |
| 4.7 | Қатал қарым-қатынастың алдын алу және қиын жағдайға душар болған балаларды әлеуметтік-педагогикалық оңалту | | | 4 | | | | | |
| 4.8 | Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жұмыста қосымша білім берудің әлеуетін пайдалану | 2 | | | | | | | |
| 4.9 | Арнайы мектептерде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың оқу жетістігін бағалауда критериалды жүйені енгізу | | | 4 | | | | | |
| 4.10 | Шағын оқыту негізінде шағын басқарушылық қызметтің үзінділерін панорамалық қорғау | | | | | | | | |
| 5 | Технологиялық модуль | 2 | | 4 | | | 2 | | 2 |
| 5.1 | Арнайы білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында директордың оқу және тәрбие бойынша орынбасарларының АКТ-құзырлылықтары | | | 4 | | | | | |
| 5.2 | Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қашықтықтан оқыту технологиясы | 2 | | | | | 2 | | |
| 5.3 | "Бала – мүгедек және қоғам" панорамалық қорғау | | | | | | | | |
| 5.4 | Директордың оқу және тәрбие жұмыстары бойынша орынбасарларының ақпараттық-коммуникациялық құзыреттіліктері | | | | | | | | 2 |
| 5.5. | Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау диагностикасы | | | | | | | | |
| 6 | Вариативтік модуль | | 4 | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6.1 | Блум таксономиясы функционалдық сауаттылықты дамытуда жетістікті бағалау әдістемесі ретінде | | | | | | | | |
| 6.2 | Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен әлеуметтендіруде ақпараттық-технологияларды пайдалану | | | | | | | | |
| 6.3 | Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытуда жеке-саралай оқыту амалын қолдану | | | | | | | | |
| 6.4 | Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың оқу жетістіктерін бағалаудағы критериалды бағалау жүйесі | | | | | | | | |
| 6.5 | Критериалды бағалаудың әдіснамалық негіздері | | | | | | | | |
| 6.6 | Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар мен жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу бойынша жұмыс жасау жүйесі | | | | | | | | |
| 6.7 | Арнайы мектептерде басқару технологиясын қолдану ерекшеліктері | | | | | | | | |
| 6.8 | Педагогикалық оңалтудың негізгі шарты ретінде кедергісіз білім беру ортасын құру | | | | | | | | |
| | Барлығы: | 16 | 4 | 24 | 16 | 2 | 2 | 4 | 2 |

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 202 бұйрығына 25-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына 93-қосымша

## Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының " Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметін басқарудың қазіргі үрдістері" білім беру бағдарламасы

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының орынбасарларына

арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметін басқарудың қазіргі үрдістері" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларын, директорларының орынбасарларын оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларының, директорлардың орынбасарларының біліктілігін арттыруға, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының педагогтерін оқытуға, олардың кәсіби шеберлігін дамытуға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары директорларының, директор орынбасарларының кәсіби құзыреттіліктерін дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) ұжының ұйымшылдығын қамтамасыз ету және оның жаңаруына, дамуына, жетістігіне бағытталған оқыту құралдары мен әдістерін, инновациялық формаларын біріктіру қызметін басқару саласындағы дағды мен білімдерін кеңейту;

2) мектептен тыс қосымша білім беруді жаңаша басқару тәсілдерін меңгеру;

3) талдау, өзін-өзі талдау, ғылыми негізделген басшылық шешім құрастыру тәсілдерін меңгеру;

4) стратегиялық және тактикалық жоспарлау негізінде басшылық шешім қабылдаудың тиімді үлгісін қалыптастыру.

5. Тыңдаушылар курс аяқталғаннан кейін:

1) басқаруда нормативтік құқықтық актілерді тиімді пайдаланудың тұжырымдамалық негіздерін, басшыларының басқару дағдылары мен кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру жолдарын біледі;

2) басшылық пен басқаруда жоспарлау және болжау қызметтерінің инновациялық үрдістерін, білім беру процесін ұйымдастыру мен бақылаудың инновациялық технологиялары мен заманауи әдіс-тәсілдерін, қосымша білім беру саласында кәсіби және әлеуметтік ынтымақтастық орнатуда тәжірибелік біліктерін қолдана алады;

3) ұжыммен рефлексивті байланыс жасауды, өзіндік бақылау және өзіндік басқару дағдыларын, тұлғаның дамуы мен кәсіби қалыптасуына ықпал етуге бағытталған сапалы қосымша білім беруді ұйымдастыруда кәсіби басқару құзыреттіліктерін, білім беру мазмұнының жаңару жағдайында қосымша білім беру қызметін жоспарлаудың, бақылау мен білім беру процесін ұйымдастырудың

кәсіби біліктерін, білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында қосымша білім беру қызметін страгетгиялық және тактикалық жоспарлау әдістерін, қосымша білім беру ұйымының әлеуетін және дамуын айқындайтын ұйымның ішкі және сыртқы қызметтерінің жай-күйін талдау әдістемелерін, бірлескен оқыту әдістемелерін қолдана отырып мамандардың кәсіди дамуын жетілдіру әдістерін меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) басқарушылық;

3) психологиялық-педагогикалық;

4) мазмұндық;

5) технологиялық және вариативтік;

6) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқыту-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) негізделеді.

8. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

9. Курстық оқытудың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

10. Білім беру процесі ОТЖ бойынша ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ-дағы сағаттар саны мен тақырыптары екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары, тест тапсыпмалары, тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формаларын және әдістерін қамтиды: тәжірибелік жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылауға сәйкес Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері профессорлық-оқытушылық құраммен жасалады және олар курстың ОӘК-де беріледі.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының орынбасарларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметін басқарудың қазіргі үрдістері" білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспары

| № | Сабақ тақырыптары | Дәрістер | Таңдау дәрісі | Тәжірибелік сабақ | Тренинг | Семинар | Шеберлік сыныбы | КТС | Конференция |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 6 | | | | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылдың 20 мамырдағы "Ұлт жоспары – 100 нақты қадам. Баршаға арналған қазіргі заманауи мемлекет" Бағдарламасы | 2 | | | | | | | |
| 1.2 | Қазақстан Республикасы " Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы. 2016 жылдың 1 наурызындағы № 205 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасындағы қосымша білім берудің мақсаттары нысандары | 2 | | | | | | | |
| 1.3 | Қосымша білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер | 2 | | | | | | | |
| 2 | Басқарушылық модуль | 2 | | 2 | 4 | 2 | 2 | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.1 | Заманауи білім беру жағдайындағы педагогикалық менеджменттің тұжырымдамалық негіздері | 2 | | | | | | | |
| 2.2 | Заманауи білім беруде балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарын басқару : жобалау, жоспарлау, бақылау | | | 2 | | 2 | | | |
| 2.3 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және басқаруды жаңарту | | | | 2 | | 2 | | |
| 2.4 | Көшбасшылықтың тұжырымдамалық негіздері. Басшының көшбасшылық дағдылары | | | | 2 | | | | |
| 3 | Педагогикалық-психологиялық модуль | 2 | | 4 | 2 | 2 | | 2 | |
| 3.1 | Жаңа формациядағы басшы-көшбасшы құзыреттілігі және психологиялық-педагогикалық портреті | 2 | | 2 | | | | | |
| 3.2 | Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында басқарудағы командалық жұмыстың психологиялық аспектілері | | | | | 2 | | | |
| 3.3 | Балаларға арналған қосымша білім беру оқушыларға педагогикалық-психологиялық қолдау | | | 2 | | | | 2 | |
| 3.4 | Психологиялық ахуал мен тұлғааралық қарым-қатынасты орнату | | | | 2 | | | | |
| 4 | Мазмұндық модуль | | | 8 | 4 | 6 | 2 | 4 | 2 |
| 4.1 | Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары қызметін стратегиялық жоспар-лаудағы SMART(Self Monitoring Analysis and Reporting Technology – Селф Мониторинг Анализис энд Рипотинг Теклолоджи) -мақсат пен SWOT(Strengths Weaknesses Threats Opportunities - Стренс Уикнесис Опотьюнитис Сретс) -талдаудың рөлі. Ұйымның | | | 2 | | 2 | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | даму бағдарламасы жобасын қорғау | | | | | | | | |
| 4.2 | орта білім беру жүйесін жаңарту аясында балаларға қосымша білім берудің жаңа технологиялары | | | | | 2 | 2 | | |
| 4.3 | Басшының сын тұрғысынан ойлау және сындарлы оқытуды ұйымдастыру дағдыларын жетілдіру | | | | 4 | | | | |
| 4.4 | Қосымша білім беру арқылы оқушылардың фукнционалдық сауаттылығын дамытуды басқару | | | 2 | | | | | |
| 4.5 | Қосымша білім беру ұйымдарындағы оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері | | | 2 | | 2 | | | |
| 4.6 | орта білім мазмұнының жаңаруы жағдайындағы қосымша білім беру ұйымдары басшыларының кәсіби құзыреттілігін дамыту | | | | | | | 4 | |
| 4.7 | Қосымша білім беру жағдайындағы оқу сапасын бағалау | | | 2 | | | | | 2 |
| 4.8 | Қосымша білім беру ұйымдарындағы ғылыми-зерттеу қызметі | | | | | | | | |
| 5 | Технологиялық модуль | | | 2 | | 2 | 2 | | |
| 5.1 | Қосымша білім беру жағдайындағы мазмұн жаңарту | | | | | | | | |
| 5.2 | Қосымша білім беруді басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін пайдаланудың тиімді жолдары | | | 2 | | | | | |
| 5.3 | Кәсіби құзыреттілікті дамыту | | | | | 2 | 2 | | |
| 5.4 | Курсқа тыңдаушылардың білімі мен кәсіби шеберлігін диагностикалау | | | | | | | | |
| 6 | Вариативтік модуль | | 4 | | | | | | |
| 6.1 | Ғылыми-техникалық шығармашылық бағыттағы қосымша білімді ұйымдастыру | | | | | | | | |
| 6.2 | Туристік-өлкетану бағытындағы қосымша білімді ұйымдастыру | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6.3 | Көркем-эстетикалық бағыттағы білімді ұйымдастыру | | | | | | | | |
| 6.4 | Балалар шығармашылық үйлері қызметтерін ұйымдастыру | | | | | | | | |
| 6.5 | Балаларға арналған қосымша білім берудегі инновациялық қызмет | | | | | | | | |
| 6.6 | Қосымша білім беруді ұйымдастыруда әлеуметтік серіктестікті құрудың негіздері | | | | | | | | |
| 6.7 | Оқушыларды кәсіби бағдарлауда ата-аналар мен қосымша білім беру ұйымының бірлескен жұмысы | | | | | | | | |
| 6.8 | Қосымша білім беру саласында тұлғаны әлеуметтендірудің жолдары | | | | | | | | |
| | Барлығы: | 10 | 4 | 16 | 10 | 12 | 6 | 6 | 2 |

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 202 бұйрығына 26-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына 94-қосымша

# Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының орынбасарларына , педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Сыныптан тыс жұмыс аясында балалармен туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының орынбасарларына, педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының " Сыныптан тыс жұмыс аясында балалармен туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақ және

орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларын, директорларының орынбасарларын, педагогтерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама сабақтан тыс әрекет аясында балалармен туристік-өлкетану жұмысын қалыптастыру және дамытуда балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларының, директорларының орынбасарларының, педагогтерінің кәсіби шеберлік деңгейін дамытуға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарлама мақсаты балалармен сабақтан тыс уақыт аясында туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастыратын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларының, директорларының орынбасарларының, педагогтерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін және жеке өз бетінше жетілуін арттыру.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) сабақтан тыс әрекет аясында туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастыруға арналған Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативтік құқықтық актілермен таныстыру;

2) балалармен сабақтан тыс әрекет аясында білім беру ұйымдары туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастыратын жоғары білікті педагогика кадрларымен қамтамасыз ету;

3) сабақтан тыс туристік-өлкетану қызметін ұйымдастыруда педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға арналған құқықтық, ұйымдастырушылық жағдай жасау;

4) білім беру мазмұнын жаңартуда балалар туризмін дамыту жағдайында педагогика қызметкерлерін дайындау;

5) балалармен сыныптан тыс туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыруда инновациялық тәжірибелерді енгізу.

5. Тыңдаушылар курс аяқталғаннан кейін:

1) сабақтан тыс туристік-өлкетану әрекет аясында нормативтік актілердің негізгі тұжырымдамасын, балалармен сыныптан тыс туристік-өлкетану іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу ережелерін, туризмдегі патриоттық және тәрбиелік жұмыстың инновациялық формалары мен әдістерін біледі;

2) туристік-өлкетану жұмысын сауатты жоспарлауды, айналысушылардың жас ерекшелігі мен психофизикалық ерекшеліктеріне сәйкес, спорттық және туристік дайындық деңгейіне сай сабақтың әртүрлі әдіс-тәсілдерін таңдау, туристік топтарда жағымды психологиялық климатты қамтамасыз етуді, қажетті көмек беруді, білім алушылардың өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту

жұмыстарын ұйымдастыруды, сыныптан тыс қызметте туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру, балалар мен жасөспірімдердің және спорт-сауықтыру туризмін дәріптеу мақсатымен көпшілік алдында дәрістер мен әңгімелер ұйымдастыруды қолдана алады;

3) туристік саяхаттарды, жарыстарды, лагерлер мен экспедицияларды және де басқа іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің әдіс-тәсілдерін қолдану дағдыларын, туризмнің тактикасы мен техникасының түрлерін, өлкетану қызметінде қолданылатын заманауи формалар мен әдіс-тәсілдерді меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) психологиялық-педагогикалық;

3) мазмұндық;

4) технологиялық;

5) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқыту-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) негізделеді.

8. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процессін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

9. Курстық оқытудың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

10. Білім беру процесі Бағдарламаның қосымшасына сәйкес ОТЖ бойынша ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ-дағы сағаттар саны мен тақырыптары екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары, тест тапсыпмалары, тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формаларын және әдістерін қамтиды: тәжірибелік жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылауға сәйкес Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері профессорлық-оқытушылық құраммен жасалады және олар курстың ОӘК-де беріледі.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының директорларына, директорларының орынбасарларына, педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Сыныптан тыс жұмыс аясында балалармен туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру" білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

| № | Сабақтың тақырыбы | Дәріс | Таңдау дәрісі | Тәжірибелік сабақ | Семинар | КТС | Дөңгелек үстел | Шағын сабақтардың тұсаукесері | Қорытынды тест |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 6 | | | | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылдың 20 мамырдағы "Ұлт жоспары – 100 нақты қадам. Баршаға арналған қазіргі заманауи мемлекет" Бағдарламасы | 2 | | | | | | | |
| 1.2 | 2016 жылдың 1 наурызындағы № 205 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарындағы қосымша білім берудің мақсатты нысандары | 2 | | | | | | | |
| 1.3 | Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі қосымша білім берудің ерекшеліктері | 2 | | | | | | | |
| 2 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 4 | | | 6 | 2 | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.1 | Оқушының өзін-өзі белгілеуінің ерте кәсіби психологиялық-педагогикалық негіздері | 2 | | | 2 | | | | |
| 2.2 | Оқушылардың туристік және өлкетану қызметтерін ұйымдастырудың психологиялық-педагогика-лық негіздері | 2 | | | 4 | | | | |
| 2.3 | Құзыреттіліктің психологиялық-педагогикалық мазмұны білім берудің жаңа нәтижелері ретінде | | | | | 2 | | | |
| 3 | Мазмұндық модуль | 6 | | 14 | 4 | 6 | 2 | 8 | 2 |
| 3.1 | Сабақтан тыс әрекеті аясында қосымша білім беру педагогтің туристік-өлкетану жұмысын ұйымдастыру бойынша қызметінің мазмұны | 2 | | | 2 | | | | |
| 3.2 | Қосымша білім беру педагогтерінің қызметіндегі жобалау әрекеті | | | 2 | 2 | | | | |
| 3.3 | Қосымша білім беру педагогтің қызметін жоспарлау және талдау | 2 | | | | | | | |
| 3.4 | Балаларға қосымша білім берудегі педагогикалық технологиялар | | | | | | 2 | 2 | |
| 3.5 | Педагогикалық қызметтің нәтижесін қадағалаудың түрлері | | | 8 | | | | | |
| 3.6 | Қосымша білім беру ұйымдарында білім беру процесіне қатысушылармен профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру | 2 | | 4 | | | | | |
| 3.7 | 5-7 сыныптарда туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру | | | | | 2 | | 2 | |
| 3.8 | 8-9 сыныптарда туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру | | | | | 2 | | 2 | |
| 3.9 | 10-11 сыныптарда туристік-өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру | | | | | 2 | | 2 | |
| 3.10 | Қосымша білім беру педагогінің кәсіби қызметінде ақпараттық білім беру ресурстарын қолдану | | | | | | | | 2 |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Технологиялық модуль | 2 | | 14 | | | | | |
| 4.1 | Өлкетану сабақтары аясында визуализация және полисенсорлы технологияларды қолдану | | | 4 | | | | | |
| 4.2 | Экологиялық мониторинг технологиясы және оның ерекшеліктері | 2 | | 4 | | | | | |
| 4.3 | Тарихи-табиғи ортаға шектіру технологиясы және оның ерекшеліктері | | 2 | 2 | | | | | |
| 4.4 | Әлемді контемплятивік-акустикалық қабылдау технологиясы және оның ерекшеліктері | | | 2 | | | | | |
| 5 | Вариативтік модуль | | 4 | | | | | | |
| 5.1 | Әлемді контемплятивік-акустикалық қабылдау технологиясы және оның ерекшеліктері | | | | | | | | |
| 5.2 | Белсенді оқыту әдістері мен технологиясын қолдану арқылы сабақтың бағалаудың критерийлері | | | | | | | | |
| 5.3 | Әлеуметтік-экологиялық қызметте коммуникативтік қарым-қатынас технологиясы және оның ерекшеліктері | | | | | | | | |
| 5.4 | Балаларға қосымша білім беру: дамудың жаңа векторы | | | | | | | | |
| 5.5 | Туризм мен өлкетану: тәжірибе, мәселе және перспективалары | | | | | | | | |
| 5.6 | Оқушылармен жұмыстың жасау әдістерін белсендіру: жобалаужасампаздық, тарихи-табиғи ортаға тарту тәсілдері, әлеуметтік-экологиялық қызметтегі коммуникативтік қарым-қатынас | | | | | | | | |
| 5.7 | Қосымша білім беру аясында сыныптан тыс қызметті ұйымдастырудың жаңа тәсілдері | | | | | | | | |
| 5.8 | Балалардың жаттықтыруын қауіпсіз ұйымдастыру, туристік-өлкетану жұмыстарын қауіпсіз ұйымдастырудың талаптары | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | Барлығы: | 18 | 4 | 28 | 10 | 8 | 2 | 8 | 2 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 202 бұйрығына 27-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына 95-қосымша

# Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының бейнелеу өнері және технология пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Көркем еңбек" пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының бейнелеу өнері және технология пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Көркем еңбек" пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама ) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының бейнелеу өнері және технология пәндерінің мұғалімдерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама байқағыштық, елестету және көру түсініктерін қамтамасыз ететін түрлі шығармашылық іс-әрекетте көркем-технологиялық білім, дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты "Көркем еңбек" пәні бойынша орта білім беру ұйымдарының бейнелеу өнері және технология пәндерінің мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін және педагогикалық шеберлігін дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеті:

1) Қазақстан Республикасының білім саласындағы нормативтік құқықтық актілермен, білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру үрдісін құқықтық ұйымдастыру негіздерімен таныстыру;

2) әр түрлі жастағы балалар арасында қолайлы қатынас ахуалын ұйымдастыру және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке ала

отырып, ұйымдарда қарым-қатынастың қолайлы ортада білім және дағдаларының деңгейін арттыру;

3) білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес оқу материалдарды және педагогикалық амалдарды түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету, "Көркем еңбек" пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, мазмұнымен, мақсаттары мен міндеттерімен таныстыру;

4) педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін арттыру.

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) Қазақстан Республикасының заманауи білім беру мазмұнын анықтайтын нормативтік құқықтық актілерін, кіші жастағы балалардың дамуының психологиялық-педагогикалық мазмұнының құзыретілігін, ұжымда қолайлы ортаға психологиялық қолдау жасау тәсілдерін біледі;

2) мектеп ұжымында қолайлы орта жасау және балалар дамуындағы психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отыра оқушылардың құзыреттіліктерін дамытуды, "Көркем еңбек" пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық тәсілдерін, оқу материалдарын, көркем еңбек сабақтарында жаңа оқыту және ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдана алады;

3) сабақта психологиялық комфорттік орта жасау дағдыларын, білім беру үрдісінің қатысушыларының психологиялық-педагогикалық өзара әрекеттесу әдістемесін, орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында "Көркем еңбек" пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде қажетті біліктер мен дағдыларды, "Көркем еңбек" пәні бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасы шеңберінде заманауи және АКТ-технологияларын іріктеу дағдыларын, оқу үрдісінің тиімділігін арттырудың әдістерін меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) психологиялық-педагогикалық;

3) мазмұндық;

4) технологиялық;

5) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқыту-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) негізделеді.

8. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау . Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

9. Курстық оқытудың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

10. Білім беру процесі Бағдарламаның қосымшасына сәйкес ОТЖ бойынша ұйымдастырылады. Бір апталық курста ОТЖ-дағы сағаттар саны мен тақырыптары екі есеге қысқарады, сабақтарды өткізу формасы өзгеріссіз қалады.

11. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын-сабақтар (шағын-шаралар) таныстырылымы және қорытынды тестілеу жүргізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарының тапсырмалары, тест тапсыпмалары, тыңдаушылардың жоба жұмыстарының тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешенінде (бұдан әрі - ОӘК) беріледі.

13. Білім беру процесі оқытудың интерактивті формаларын және әдістерін қамтиды: тәжірибелік жұмыс, тренинг, шеберлік сыныбы, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақты таныстыру, рөлдік ойындар, кейс әдісі, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп талқылау.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін қорытынды бақылауға сәйкес Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері профессорлық-оқытушылық құраммен жасалады және олар курстың ОӘК-де беріледі.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының бейнелеу өнері және технология пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Көркем еңбек" пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту" білім беру бағдарламасына қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

| № | Сабақтың тақырыбы | Дәріс | Дәріс-тандау | Тәжірибелік сабақ | Семинар | Шеберлік сыныбы | КТС | Дөңгелек үстел | Шағын сабақтар тұсаукес |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативті-құқықтық модуль | 6 | | | | | | | |
| | 2016 жылдың 1 наурызындағы № 205 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.1 | Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беру және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасындағы орта білім берудің мақсатты нысандары. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2012 жылғы 23 тамызда № 1080 қаулысымен бекітілген "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты | 4 | | | | | | | |
| 1.2 | Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту-дың концептуалды жолдары. Заманауи қазақстандық білім беру жүйесіндегі тәрбиенің концеп-туалды негіздері | 2 | | | | | | | |
| 2 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 2 | | | 8 | | | | |
| 2.1 | Білім берудің жаңа философиясының мәні, тұлғалық-қызметтік құзыретті амалдар | 2 | | | | | | | |
| 2.2 | Кіші жастағы балалардың психологиялық – педагогикалық дамуының ерекшеліктер | | | | 2 | | | | |
| 2.3 | Сабақта қолайлы психологиялық атмосфераны қолдау | | | | 2 | | | | |
| 2.4 | Көркем еңбек сабақтарында оқыту мен тәрбиенің бірлігі принципін іске асыру | | | | 2 | | | | |
| 2.5 | Құзыреттердің психологиялық–педагогикалық мазмұны білім берудің жаңа нәтижелері ретінде | | | | 2 | | | | |
| 3 | Мазмұндық модуль | 10 | | 8 | 10 | 2 | 8 | 2 | 6 |
| 3.1 | "Көркем еңбек" жаңартылған білім беру бағдарламасындағы түйінді амалдарын іске асыру | 2 | | | | | | | |
| 3.2 | Ұжымдық, топтық және жеке жұмысын орындау үрдісінде | | | 2 | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | байқағыштық, қиял, фантазия және шығармашылықты дамыту | | | | | | | | |
| 3.3 | Қоршаған ортаның күрделі образдарын және нысандарын, олардың айырмашылығын, ұқсастығын және өзара байланысын (сызығы, түсі, нысаны, фактурасы және т.б.) қоршаған әлемді түсіну және түсіндіруде пайдалану | 2 | | 2 | | | | | |
| 3.4 | Шығармашылық жұмыстар жасау кезінде өнер туындыларын, қолөнер, дизайн , ұлттық және әлем мәдениетін пайдалану | | | | 2 | | | | |
| 3.5 | Оқушылардың визуалды және эстетикалық қабылдауын, сын тұрғысынан ойлауын дамыту үшін өнер түрлері мен жанрларын, пайдалану, терминология және ұғымдарды пайдалану | 2 | | | 2 | | | | |
| 3.6 | Шығармашылық жұмыстар жасау кезінде әр түрлі құралдар, материалдар (көркем , табиғи және жасанды) және техникаларды пайдалану | | | 2 | | | | | |
| 3.7 | Көркем еңбекке оқытудағы инновациялық технологиялардың рөлі – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту шарттарының бірі | 2 | | | | | | | |
| 3.8 | Білім беруді жаңғырту жағдайында көркем еңбек пәнінің мазмұнын және оқыту әдістемесін жаңарту | | | | | | | 2 | |
| 3.9 | Белгілі материалдардан ( ермексаз, жарамсыз заттар, қағаз) жай көлемді формалар жасау технологиясы | | | | 2 | | | | |
| 3.10 | Көркем еңбек пәнін оқыту процесінде жаңа технологиялар мен оқытудың белсенді формаларын пайдалану | 2 | | | | | 6 | | |
| 3.11 | Көркем еңбек сабақтарында оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау туралы | | | | 4 | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.12 | Критериалды бағалау, оқушылардың күтілетін оқыту нәтижелеріне жету дәрежесін анықтау | | | 2 | | | | | |
| 3.13 | "Көркем еңбек" пәні бойынша сабақ жоспарлау. Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау | | | | | | 4 | | |
| 3.14 | Шағын сабақ презентациясы | | | | | | | | 6 |
| 4 | Технологиялық модуль | | | 12 | 2 | | | | |
| 4.1 | Көркем еңбек сабақтарында үйренушілердің шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудағы оқытудың жобалау технологиялары | | | 4 | | | | | |
| 4.2 | Оқыту үрдісінде электрондық оқыту ресурстарын пайдалану | | | 4 | | | | | |
| 4.3 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері | | | 2 | 2 | | | | |
| 4.4 | Көркем еңбекті оқытудағы инновациялық оқыту технологиялары | | | | 2 | | | | |
| 5 | Вариативті модуль | | 4 | | | | | | |
| 5.1 | Сезімдерін білдіру және сабақта оқушылармен жұмыстың әр түрлі әдістері арқылы шығармашылық идеяларын дамыту | | | | | | | | |
| 5.2 | Оқушылардың дайын жұмыстарының презентациясы, талдау және бағалау | | | | | | | | |
| 5.3 | Оқу сабақтың тәрбиелік әлеуеті. Оқушылардың көркем-эстетикалық талғамдарын қалыптастыру | | | | | | | | |
| 5.4 | Шығармашылық жұмыстар жасау кезінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін пайдалану | | | | | | | | |
| 5.5 | Қарапайым көркем сауатын меңгеру. Көркем ой-өрісін қалыптастыру және әр түрлі көркем материалдармен көркем-шығармашылық қызметінің әр алуан түрлерінен жұмыс тәжірибесін алу | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.6 | Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін зерттеу және дамыту | | | | | | | | |
| 5.7 | Өнер туындыларын және қоршаған әлемді эмоциялық-бейнелі қабылдауды жетілдіру | | | | | | | | |
| 5.8 | Көркем еңбек сабағында әр түрлі материалдар мен құралдарды пайдалану кезде қауіпсіздік техника ережелерін сақтау | | | | | | | | |
| | Барлығы: | 18 | 4 | 20 | 20 | 2 | 8 | 2 | 6 |

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 202 бұйрығына 28-қосымша
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына 96-қосымша

# Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін және шағын жинақталған мектептердің директорларына, мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепте оқыту стандарттарын іске асыру контекстінде инклюзивті білім берудің мазмұны мен дамуы" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін және шағын жинақталған мектептердің директорларына, мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепте оқыту стандарттарын іске асыру контекстінде инклюзивті білім берудің мазмұны мен дамуы" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін және шағын жинақталған мектептердің директорларын, мұғалімдерін оқытуды реттейді

2. Бағдарлама инклюзивті білім берудің әдіснамалық және ұйымдастырушылық негіздері бойынша жалпы білім беретін және шағын жинақталған мектеп директорлары мен мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері (бұдан әрі - ЕББҚ) мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін арнайы жағдай ұйымдастыру мен құру бойынша тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) жалпы білім беретін мектептер мен арнайы білім беру ұйымдарындағы инклюзивті үдерісті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеу;

2) әлемдегі, Қазақстандағы инклюзивті білім берудің беталысы туралы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту;

3) инклюзивті білім беруді теориялық-әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді: мүгедектікті философиялық және әлеуметтік тұрғыдан түсіну, инклюзивті білім берудің қағидалары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуы және тәрбиесі, оларды оқытудың педагогикалық-ұйымдастырушылық және психологиялық негіздерін зерделеу;

4) психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету технологияларын қолдану, психологиялық-педагогикалық консилиум ұйымдастыру, түзете-дамыта және қашықтықтан оқыту, үйінде оқыту, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасын жасау мен жүзеге асыру, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды қолдану бойынша білім-білік, дағдыларын қалыптастыру.

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, жалпы білім беретін мектептер мен арнайы білім беру ұйымдарының инклюзивті білім беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, инклюзивті білім берудегі қағидаттар мен негізгі ұғымдарды, ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін арнайы жағдайларды жасау бойынша педагогикалық түзету жұмыстарының мазмұны мен жоспарлау ерекшелігін, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауға қойылатын талаптарды біледі;

2) түзете-дамыта оқыту және қашықтықтан оқытуды, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету технологиясын, жеке білім беру бағдарламасын құрастыруды, білім алуда қиындығы бар балаларға оңтайлы педагогикалық маршрутты жобалауды қолдана алады;

3) баланың жеке дамуы монитрингін жүргізу мен жеке білім беру бағдарламасын құрастыру дағдысын, дамуында түрлі ауытқушылықтары бар

балаларды үйінде оқыту дағдысын, оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды қолдану дағдыларын, педагогикалық қызметті қарқынды ету жағдайында оқыту үдерісінде компьютерлік құралдар және мультимедиялық өнімдермен жұмыс дағдыларын, әдістемелік ұсынымдарды тәжірибеде қолдануды, арнайы жағдай тудыру мен кедергісіз орта құру бойынша нормативтік актілерді білуді, ата-аналар мен педагогикалық ұжыммен жұмысты ұйымдастыруды, командалық жұмыстың қажеттілігін түсіну мен серіктестік қарым-қатынас негізінде білім беру үдерісіне қатысушылар мен олардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру дағдыларын меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 6 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;
2) басқарушылық;
3) психологиялық-педагогикалық;
4) мазмұндық;
5) технологиялық;
6) вариативтік.

7. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

8. Біліктілікті арттыру курстары:

1) осы Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі – ОТЖ) бойынша күндізгі оқу режимінде ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 160 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу формасы өзгеріссіз қалады;

2) осы Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары бойынша аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 16 сағат, қашықтықтан оқу – 12 сағат, өз бетімен оқу – 132 сағат. Күндізгі оқу курстың алғашқы және соңғы күнінде 8 сағаттан өткізіледі.

9. Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде

аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

10. Білім беру процесі оқытудың келесі интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәрістер, семинарлар, тәжірибелік жұмыс, көшпелі тәжірибелік сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, шағын сабақтың (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

11. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалаудың критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді.

Қазақ және орыс тілдерінде
оқытатын жалпы білім беретін
және шағын жинақталған
мектептердің директорларына,
мұғалімдеріне арналған
педагогика кадрларының
біліктілігін арттыру курсының
"Мектепте оқыту стандарттарын
іске асыру контекстінде
инклюзивті білім берудің
мазмұны мен дамуы" білім беру
бағдарламасына 1 қосымша

# Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

| № | Сабақтың тақырыптары | Дәріс | Таңдау бойынша дәріс | Тәжірибелік жұмыс | Тренинг | Семинар | Шеберлік сынып | КТС | Конфер |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 4 | | 2 | | 4 | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыз № 205 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 ж.ж. арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы "Ұлт жоспары – 100 нақты қадам" бағдарламасы | 2 | | | | | | | |
| 1.2 | Мемлекеттік саясаттың инклюзивті білім беру саласындағы негізгі бағыттары | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.3 | Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие процесін нормативтік реттеу | 2 | | 2 | | | | | |
| 1.4 | Қазақстан Республикасының № 319 -III 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңын (03.12.2015ж. өзгерістер мен толықтыруларымен) жүзеге асыру | | | | | 2 | | | |
| 1.5 | Инклюзивті білім беруді заңнамалық қамтамасыз ету және халықаралық тәжірибе | | | | | 2 | | | |
| 2 | Басқарушылық модуль | 10 | | 6 | 4 | 4 | | | |
| 2.1 | Мектептегі инклюзивті білім беру мәдениетін құру | 2 | | | 2 | | | | |
| 2.2 | Білім беру ұйымына қолжетімділікті қамтамасыз ететін талаптар | 2 | | 2 | | | | | |
| 2.3 | Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша педагог-психолог, логопед мұғалім, дефектолог, әлеуметтік педагогтің қызметі | 2 | | | 2 | | | | |
| 2.4 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы білім беру жағдайын анықтау мен ұйымдастыру | | | 2 | | | | | |
| 2.5 | Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған оқу жоспарындағы түзету компонентін жүзеге асыру ерекшелігі | 2 | | 2 | | | | | |
| 2.6 | Инклюзивті білім беру педагог кәсібилігінің жаңа тұрпаты: әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және педагогикалық қызметті басқару | 2 | | | | 2 | | | |
| 2.7 | Білім беру ұйымдарының арнайы білім беру ұйымдары, әлеуметтік серіктестер, мемлекеттік емес ұйымдармен өзара байланысы | | | | | 2 | | | |
| 3 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 10 | | 4 | 2 | 4 | | | |
| 3.1 | Инклюзивті білім беру субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау шарттары және оны ұйымдастыру | 2 | | | | | | | |
| 3.2 | Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі | 2 | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тұлғаның психологиялық саулығының шарты ретінде. | | | | | | | | |
| 3.3 | Зиятында ақау бар, психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері | 2 | | 2 | | | | | |
| 3.4 | Ерте аутизмді балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері | | | | | 2 | | | |
| 3.5 | Көру, есту, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері | 2 | | 2 | | | | | |
| 3.6 | Дарынды және талантты балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері | | | | | 2 | | | |
| 3.7 | Босқын балалар, мигрант балалар мен оралман балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, аз ұлттар отбасылары балаларының ерекшеліктері | 2 | | | | | | | |
| 3.8 | Педагогтердің кәсіби күйіп кетуінің алдын алу шаралары | | | | 2 | | | | |
| 4 | Мазмұндық модуль | 20 | | 6 | 6 | 4 | | 12 | 2 |
| 4.1 | Инклюзивтік білім берудің негізгі ұғымдары мен принциптері | 2 | | | | | | | |
| 4.2 | Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар жандарды (балаларды) әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдаудың заманауи жағдайы мен беталысы | 2 | | | | | | | |
| 4.3 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте анықтау кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмектің негізі ретінде | | | | | 2 | | | |
| 4.4 | Кедергісіз орта құру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды білім алу кеңістігіне қосу шарты ретінде | | | | | | | 6 | |
| 4.5 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім беру бағдарламасын, оқу материалдарын бейімдеу | 2 | | | | 2 | | | |
| | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке білім | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.6 | беру бағдарламаларын дайындау және жүзеге асыру | | | | 4 | | | | |
| 4.7 | Дарынды және талантты балаларды оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері | | | 2 | | | | | |
| 4.8 | Босқындарға, мигранттарға және еріксіз қоныс аударушыларға көрсетілетін әлеумет-тік-педагогикалық көмектің мазмұны | 2 | | | | | | | |
| 4.9 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдердің мектепке дезадаптациялауын еңсерудің педагогикалық шарттары | 2 | | | 2 | | | | |
| 4.10 | Психикасының дамуы тежелген балаларды түзете-дамыта оқытудың негізгі бағыттары мен мазмұны | 2 | | | | | | 6 | |
| 4.11 | Балалар мен жасөспірімдерді үйінде оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздері | 2 | | | | | | | |
| 4.12 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін кәсіби бағдар мен кәсіби оқудың рөлі | | | | | | | | |
| 4.13 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру мен тәрбиелеудегі отбасының рөлі | 2 | | | | | | | |
| 4.14 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қосымша білім беру бағдарламасына тарту | 2 | | 2 | | | | | |
| 4.15 | Оқу бағдарламасына сәйкес сабақтарды жоспарлау | 2 | | 2 | | | | | |
| 4.16 | Шағын сабақтардың таныстырылымын көрсету және талқылау | | | | | | | | |
| 4.17 | Инклюзивтік білім беруді іске асыру механизмдері: мәселелері мен болашағы | | | | | | | | 2 |
| 5 | Технологилық модуль | 14 | | 12 | | 6 | | 6 | |
| 5.1 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында белсенді және смарт-оқу | | | 2 | | | | | |
| 5.2 | "Ерекше" баланы білім беру кеңістігіне тартуға арналған дайындықтың технологиялық негіздері (барлық балалардың ата-аналары, психологтар, педагогтар, оқушылар, қызметкерлермен жұмыс) | 2 | | 2 | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.3 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қашықтықтан оқыту технологиясы | 2 | | | | 2 | | | |
| 5.4 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау технологиясы | 2 | | | | | | 6 | |
| 5.5 | Мектептің психологиялық-медициналық – педагогикалық консилиумы қызметінің технологиясы | 2 | | 2 | | | | | |
| 5.6 | Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын жасау технологиясы | 2 | | | | 4 | | | |
| 5.7 | Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған оқу жоспарындағы түзету компонентін жүзеге асыру технологиясы | 2 | | 4 | | | | | |
| 5.8 | Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды бағалау жүйесі технологиясы | 2 | | 2 | | | | | |
| 5.9 | Педагогтің кәсіби құзыретілігін анықтау | | | | | | | | |
| 6 | Вариативтік модуль | | 8 | | | | | | |
| 6.1 | Блум таксономиясы функционалдық сауаттылықты дамытудағы оқыту жетістігін бағалау әдісі ретінде | | | | | | | | |
| 6.2 | Психикалық дамуында ақауы бар мектептегі кіші жастағы балаларда кешенді оқу қозғалысын қалыптастыру | | | | | | | | |
| 6.3 | Кохлеарлық имплантты енгізгеннен кейінгі балалармен жүргізілетін педагогикалық түзету жұмыстары | | | | | | | | |
| 6.4 | Аутизмді балалармен жұмыстағы психологиялық-педагогикалық амалдар | | | | | | | | |
| 6.5 | Білім беру ұйымдарындағы тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау | | | | | | | | |
| 6.6 | Білім беру ұйымдарындағы құлағы нашар еститін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау | | | | | | | | |
| | Білім беру ұйымдарындағы көзі нашар көретін балаларды | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6.7 | психологиялық-педагогикалық қолдау | | | | | | | | |
| 6.8 | Білім беру ұйымдарындағы зияткерлік ақауы бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау | | | | | | | | |
| | Барлығы:. | 58 | 8 | 30 | 12 | 22 | | 18 | 2 |

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін және шағын жинақталған мектептердің директорларына, мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепте оқыту стандарттарын іске асыру контекстінде инклюзивті білім берудің мазмұны мен дамуы" білім беру бағдарламасына 2 қосымша

## Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

| № | Сабақтың тақырыптары | Күндізгі оқу 16 с. | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәріс | Семинар | Тренинг | Тәжірибелік жұмыс | Шағын сабақтың таныстырылымы | Дөңгелек үстел | Конфе |
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 8 | | | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыз № 205 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 ж.ж. арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы "Ұлт жоспары – 100 нақты қадам" бағдарламасы | 2 | | | | | | |
| 1.2 | Мемлекеттік саясаттың инклюзивті білім беру саласындағы негізгі бағыттары. Қазақстан Республикасының № 319 -III 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңын (03.12.2015ж. өзгерістер мен толықтыруларымен) жүзеге асыру | 2 | | | | | | |
| 1.3 | Инклюзивті білім беру жағдайында жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие процесін нормативтік реттеу | 2 | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.4 | Инклюзивті білім беруді заңнамалық қамтамасыз ету және халықаралық тәжірибе | 2 | | | | | | |
| 2 | Басқарушылық модуль | | | | | | | |
| 2.1 | Мектептегі инклюзивті білім беру мәдениетін құру | | | | | | | |
| 2.2 | Білім беру ұйымына қолжетімділікті қамтамасыз ететін талаптар | | | | | | | |
| 2.3 | Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша педагог-психолог, логопед мұғалім, дефектолог, әлеуметтік педагогтің қызметі | | | | | | | |
| 2.4 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы білім беру жағдайын анықтау мен ұйымдастыру | | | | | | | |
| 2.5 | Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған оқу жоспарындағы түзету компонентін жүзеге асыру ерекшелігі | | | | | | | |
| 2.6 | Инклюзивті білім беру педагог кәсібилігінің жаңа тұрпаты: әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және педагогикалық қызметті басқару | | | | | | | |
| 2.7 | Білім беру ұйымдарының арнайы білім беру ұйымдары, әлеуметтік серіктестер, мемлекеттік емес ұйымдармен өзара байланысы | | | | | | | |
| 3 | Психологиялық-педагогикалық модуль | | | | | | | |
| 3.1 | Инклюзивті білім беру субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдау шарттары және оны ұйымдастыру | | | | | | | |
| 3.2 | Білім беру ортасының психологиялық қауіпсіздігі тұлғаның психологиялық саулығының шарты ретінде. | | | | | | | |
| 3.3 | Зиятында ақау бар, психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері | | | | | | | |
| 3.4 | Ерте аутизмді балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.5 | Көру, есту, сөйлеу қабілеттері, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері | | | | | | | |
| 3.6 | Дарынды және талантты балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері | | | | | | | |
| 3.7 | Босқын балалар, мигрант балалар мен оралман балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, аз ұлттар отбасылары балаларының ерекшеліктері | | | | | | | |
| 3.8 | Педагогтердің кәсіби күйіп кетуінің алдын алу шаралары | | | | | | | |
| 4 | Мазмұндық модуль | 2 | 2 | | 2 | 2 | | |
| 4.1 | Инклюзивтік білім берудің негізгі ұғымдары мен принциптері | | | | | | | |
| 4.2 | Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар жандарды ( балаларды) әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдаудың заманауи жағдайы мен беталысы | | | | | | | |
| 4.3 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ерте анықтау кешенді психологиялық-медициналық-педагогикалық көмектің негізі ретінде | | | | | | | |
| 4.4 | Кедергісіз орта құру ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды білім алу кеңістігіне қосу шарты ретінде | | | | | | | |
| 4.5 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін білім беру бағғдарламасын, оқу материалдарын бейімдеу | | | | 2 | | | |
| 4.6 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке білім беру бағдарламаларын дайындау және жүзеге асыру | | | | | | | |
| 4.7 | Дарынды және талантты балаларды оқытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері | | | | | | | |
| 4.8 | Босқындарға, мигранттарға және еріксіз қоныс аударушыларға көрсетілетін | 2 | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | әлеумет-тік-педагогикалық көмектің мазмұны | | | | | | | |
| 4.9 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдердің мектепке дезадаптациялауын еңсерудің педагогикалық шарттары | | 2 | | | | | |
| 4.10 | Психикасының дамуы тежелген балаларды түзете-дамыта оқытудың негізгі бағыттары мен мазмұны | | | | | | | |
| 4.11 | Балалар мен жасөспірімдерді үйінде оқытудың ұйымдастырушылық-педагогикалық негіздері | | | | | | | |
| 4.12 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін кәсіби бағдар мен кәсіби оқудың рөлі | | | | | | | |
| 4.13 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтендіру мен тәрбиелеудегі отбасының рөлі | | | | | | | |
| 4.14 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қосымша білім беру бағдарламасына тарту | | | | | | | |
| 4.15 | Оқу бағдарламасына сәйкес сабақтарды жоспарлау | | | | | | | |
| 4.16 | Шағын сабақтардың таныстырылымын көрсету және талқылау | | | | | 2 | | |
| 4.17 | Инклюзивтік білім беруді іске асыру механизмдері: мәселелері мен болашағы | | | | | | | |
| 5 | Технологиялық модуль | | | | | | | |
| 5.1 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында белсенді және смарт-оқу | | | | | | | |
| 5.2 | "Ерекше" баланы білім беру кеңістігіне тартуга арналған дайындықтың технологиялық негіздері (барлық балалардың ата-аналары, психологтар, педагогтар, оқушылар, қызметкерлермен жұмыс) | | | | | | | |
| 5.3 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қашықтықтан оқыту технологиясы | | | | | | | |
| 5.4 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау технологиясы | | | | | | | |
| | Мектептің психологиялық-медициналық – | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5.5 | педагогикалық консилиумы қызметінің технологиясы | | | | | | | |
| 5.6 | Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын жасау технологиясы | | | | | | | |
| 5.7 | Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған оқу жоспарындағы түзету компонентін жүзеге асыру технологиясы | | | | | | | |
| 5.8 | Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критериалды бағалау жүйесі технологиясы | | | | | | | |
| 5.9 | Педагогтің кәсіби құзыретілігін анықтау | | | | | | | |
| 6 | Вариативті модуль | | | | | | | |
| 6.1 | Блум таксономиясы функционалдық сауаттылықты дамытудағы оқыту жетістігін бағалау әдісі ретінде | | | | | | | |
| 6.2 | Психикалық дамуында ақауы бар мектептегі кіші жастағы балаларда кешенді оқу қозғалысын қалыптастыру | | | | | | | |
| 6.3 | Кохлеарлық имплантты енгізгеннен кейінгі балалармен жүргізілетін педагогикалық түзету жұмыстары | | | | | | | |
| 6.4 | Аутизмді балалармен жұмыстағы психологиялық-педагогикалық амалдар | | | | | | | |
| 6.5 | Білім беру ұйымдарындағы тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау | | | | | | | |
| 6.6 | Білім беру ұйымдарындағы құлағы нашар еститін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау | | | | | | | |
| 6.7 | Білім беру ұйымдарындағы көзі нашар көретін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау | | | | | | | |
| 6.8 | Білім беру ұйымдарындағы зияткерлік ақауы бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау | | | | | | | |
| Вариативті модуль бойынша онлайн-кеңес беру | | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| Барлығы: | 10 | 2 | | 2 | 2 | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 202 бұйрығына 29-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына 97-қосымша

# Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының информатика, математика және физика пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының " Робототехника негіздері" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының информатика, математика және физика пәндерінің мұғалімдеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Робототехника негіздері" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының информатика, математика және физика пәндерінің мұғалімдерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама робот техникасы негіздерін зерттеу, инженерлік дизайн және технология, жаратылыстану-математика бағыты (бұдан әрі – ЖМБ) мұғалімдерінің роботтарды модельдеу және бағдарламалау, түрлі тапсырмаларды орындауы үшін LEGO MINDSTORMS EV3 (ЛЕГО МАЙНДСТОРМС И-ВИ-3) және Arduino (Ардуино) микроконтроллерін қолдана отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Arduino озық оқу платформасы мұғалімдерге инженерлік, нұсқаушылық, шығармашылық идеяларды іске асыру және өз әлеуетін көтеруге мүмкіндік береді.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты ЖМБ мұғалімдерінің робот техникасы құралдарын қолдану саласында ақпараттық және техникалық сауаттылығын дамыту бойынша педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) Робот техникасы саласы мен инженерлік жүйелерді жобалауда базалық білімдері мен дағдыларын қалыптастыру;

2) тыңдаушылардың робот техникасы бойынша білім деңгейін арттыру үшін жағдай жасау;

3) құрастыру жұмыстарының алгоритмдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) роботтарды құрастыру негіздері мен басқаруды, білім алушылардың ақпараттық сауаттылығын дамытудың негізгі әдістемелерін жобалау және жоспарлау траекториясын біледі;

2) балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру, дарынды балалармен жұмыс жасаудың негізі принциптерін, дұрыс және тиімді қарым-қатынас құруды жүзеге асыра алады;

3) пән бойынша робот техникасы құралдарын қолдана отырып оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру және жоспарлау дағдыларын, білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамыту үшін сабақты робот техникасы құралдарын қолдана отырып жобалау тәсілдерін, түрлі тапсырмаларды орындау үшін LEGO MINDSTORMS EV3 (ЛЕГО МАЙНДСТОРМС И-ВИ-3) және Arduino (Ардуино) микроконтроллерін қолдана отырып, роботтарды модельдеу және бағдарламалау жұмыстарын, құрастыру дағдыларын меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарларламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 4 модульден тұрады:

1) Курсқа кіріспе және LEGO MINDSTORMS EV3-пен (ЛЕГО МАЙНДСТОРМС И-ВИ-3) жұмыс негіздері;

2) EV3-те бағдарламалау;

3) Моторды қолдану арқылы қозғалыстар және бұрылыстар. Тетіктер және сызық бойынша қозғалыс;

4) Arduino-ға (Ардуино) (IDE Arduino) (IDE Arduino- Ай-Ди-И Ардуино) арналған бағдарламалау ортасы және Processing (Процессинг) бағдарламалау тілі.

7. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқыту-тақырыптық жоспарға негізделеді.

8. Курстық оқытудың ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды.

9. Білім беру үдерісін ұйымдастыруда тыңдаушылардың білімін бағалау мен бақылау мақсатында аралық және қорытынды сынақ өткізіледі.

10. Білім беру үдерісіне дәрістер, зертханалық жұмыстар және семинар сабақтары жатады.

11. Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін Бағдарламаның мазмұнын меңгерудің бағалау өлшемдері мен параметрлерінің критерийлері профессорлық оқытушылық құраммен жасақталаып ОӘК ұсынылады.

Қазақ және орыс тілдерінде
оқытатын орта білім беру
ұйымдарының информатика,
математика және физика
пәндерінің мұғалімдеріне
арналған педагогика
кадрларының біліктілігін
арттыру курсының
"Робототехника негіздері" білім
беру бағдарламасына қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

| № | Мазмұны | Сағат саны | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | Дәрістер | Зертханалық жұмыстар | Семинар | Сынақ |
| Модуль 1: Курсқа кіріспе және LEGO MINDSTORMS EV3-пен (ЛЕГО МАЙНДСТОРМС И-ВИ-3) жұмыс негіздері | | | | | | |
| 1 | Робот техникасы курсына кіріспе: Робот техникасы негіздері, қолдану аймақтары, робот техникасы түрлері. Робот техникасының тарихы және болашағы. Робот техникасы бойынша халықаралық жарыстар (WRO). Курс жабдықтарымен танысу: LEGO MINDSTORMS EV3 Education жиынтығы | 2 | 1 | | 1 | |
| 2 | EV3 модулі. EV3 модулінің интерфейсі. "Educator" Білім роботын құру. Моторлар және тетіктермен танысу. Тетіктер мен моторларды жалғау | 2 | 1 | 1 | | |
| 3 | LEGO Digital Designer (ЛЕГО Дижитал Дизайнер): бағдарламасында Білім роботын модельдеу: 1-бөлім. LEGO Digital Designer (ЛЕГО Дижитал Дизайнер): бағдарламасында Білім роботын модельдеу: 2-бөлім | 2 | 1 | 1 | | |
| 4 | Бағдарламалау дегеніміз не? EV3 бағдарламалық жасақтамасы. "Educator" Білім роботын бағдарламалау | 2 | 1 | 1 | | |
| | 1-модульдегі барлық сағат | 8 | | | | |
| Модуль 2: EV3-те бағдарламалау | | | | | | |
| 1 | Цикл блогы. Есептеуішті қолдану. Тетіктегі деректер. "Тасымалдау" жобасы. Экран блогы. Мәтін блогы | 2 | 1 | 1 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Математика блогы. Кездейсоқ сандар блогы. Математикалық формула арқылы мотордың қозғалысының жылдамдығын есептеу. Ауыстыру блогы. "Робот-жаяу жүргінші" жобасы | 2 | 1 | 1 | | |
| 3 | Менің блогым. Массивтер. Файлдар | 2 | 1 | 1 | | |
| 4 | Мәліметтер логі. Мультиесептілік | 2 | 1 | 1 | | |
| | 2-модульдегі барлық сағат | 8 | | | | |
| Модуль 3: Моторды қолдану арқылы қозғалыстар және бұрылыслар. Тетіктер және сызық бойынша қозғалыс | | | | | | |
| 1 | Қозғалыс дегеніміз не? Үлкен моторлардың қозғалысы: Меңгерікпен басқару блогы. "Билеуші Робот" жобасын құрастыру | 2 | 1 | 1 | | |
| 2 | Робот қолының қозғалысы. Орта мотор блогы. Үлкен мотор блогы. "Күшік" роботын құрастыру | 2 | 1 | 1 | | |
| 3 | Бұрылыс дегеніміз не? Бір орындағы бұрылыстар: моторларды тәуелсіз басқару блогы. "Көлік тұрағы" жобасы | 2 | 1 | 1 | | |
| 4 | Аралық сынақ | 2 | | | | 2 |
| 5 | Жанасу тетігі. Батырмаға басуды анықтау. Түс тетігі. Түсті анықтау. "РобоҚол" жобасын құрастыру | 2 | 1 | 1 | | |
| 6 | Ультрадыбысты тетік. Кедергіні анықтау және кедергіге реакциясы. "Знап" роботын құрастыру | 2 | 1 | 1 | | |
| 7 | Гироскопиялық тетік. Бұрыштық көлбеуді анықтау. "Гиробой" роботын құрастыру | 2 | 1 | 1 | | |
| 8 | Сызықпен қозғалатын робот. Сызықпен қозғалатын роботты бағдарламалау және құрастыру | 3 | | 3 | | |
| 9 | Сынақ | 1 | | | | 1 |
| | 3-модульдегі барлық сағат | 18 | | | | |
| Модуль 4. Arduino-ға (IDE Arduino) (IDE Arduino- Ай-Ди-И Ардуино ) арналған бағдарламалау ортасы және Processing (Процессинг) бағдарламалау тілі | | | | | | |
| 1 | Arduino (Ардуино) контроллерімен танысу | 1 | 1 | | | |
| | Біздің өміріміздегі микроконтроллерлер, контроллер, Arduino (Ардуино) контроллері, Arduino (Ардуино) құрылымы және құрамы. Arduino Uno және Mega ADK (Ардуино УНО) және Мега ADK сипаттамасы | 1 | | | 1 | |
| 2 | Arduino-ға (IDE Arduino) (IDE Arduino- Ай-Ди-И Ардуино ) арналған бағдарламалау ортасы және Processing (Процессинг) бағдарламалау тілі | 1 | 1 | | | |
| 3 | Arduino UNO (Ардуино УНО). LED (ЛЕД) лампаның жыпылықтауы | 1 | | 1 | | |
| 4 | Arduino (Ардуино) базасында электрондық құрылғыны жобалау және модельдеу негізі | 1 | 1 | | | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Цифрлық сигналдармен жұмыс. Индикация. Аналогтық сигналдармен жұмыс | 1 | 1 | | | |
| 6 | Қозғалтқыштарды және сервожетекті басқару | 2 | 2 | | | |
| 7 | Тайминг. Жүгіргіш от. Fade-эффект (Фейд-эффект) | 1 | | 1 | | |
| 8 | Энкодер. Пьезо сәуле таратқыш. ЕИМ. Arduino( Ардуино) жады | 4 | 4 | | | |
| 9 | Айнымалылар және функциялар | 3 | 2 | 1 | | |
| 10 | Arduino (Ардуино) кітапханалары: Servo, EEPROM, SPI және Stepper (Серво, ИПРОМ, СПИ және Степпер) | 3 | 3 | | | |
| 11 | Регистр жылжуы | 1 | 1 | | | |
| 12 | Порттарды басқару. Светодиод жарықтығын басқару | 2 | 2 | | | |
| 13 | Батырманы қосу. Delay-ды қолданбай светодиодты жыпылықтату. Фоторезистор арқылы сервоны басқару | 3 | | 3 | | |
| 14 | Arduino-дағы (Ардуино) бұрылатын вебкамера | 1 | | 1 | | |
| 15 | Үзілістер. Жүктеме. LCD. Arduino-дағы (Ардуино) ( Ардуино) сағат. Joypad (Джойпад) | 5 | 4 | 1 | | |
| 16 | Қозғалтқыш драйвері. Цифрлық компас. ИҚ-қабылдағыш | 3 | 1 | 2 | | |
| 17 | Жетісигментті индикаторды қосу | 1 | | 1 | | |
| 18 | Температура және ылғалдылық тетіктері | 1 | 1 | | | |
| 19 | Парктроник өз қолымызбен | 1 | | 1 | | |
| 20 | Сынақ | 1 | | | | 1 |
| | 4-модульдегі барлық сағат | 38 | | | | |
| Барлығы: | | 72 | 38 | 28 | 2 | 4 |

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 202 бұйрығына 30-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына 98-қосымша

## Мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының тәрбиешілеріне, педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының тәрбиешілеріне, педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының тәрбиешілерін, педагогтерін оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген "Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) талаптарына сәйкес бастауыш білім беру мен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда білім беру процесін ұйымдастыру саласында мектепалды даярлық топтары мен сыныптары тәрбиешілерінің, педагогтерінің біліктілігін арттыруға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

3. Бағдарламаның мақсаты мектепке дейінгі тәрбиелеу және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымардың мектепалды даярлық топтары мен сыныптары тәрбиешілерінің, педагогтерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

4. Бағдарламаның міндеттері

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш білім берудің мазмұнының жаңартылуын шарттайтын Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтары мен бағыттарын зерделеу;

2) мектепалды даярлықтың мазмұнына "Өзін-өзі тану" пәнінің кіріктірілуімен білім беру процесінде тәрбиеленушіні психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің біліктерін қалыптастыру;

3) білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында тыңдаушылардың мектепке дейінгі және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету мәнмәтінінде мектепке даярлау кезінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың жетістіктерін бағалау, заттық-кеңістік дамытушы ортаны және ұйымдастырылған оқу қызметін жобалау дағдыларын дамыту;

4) тыңдаушылардың өзіндік кәсіби іс-әрекетінде және мектепалды даярлық процесінде ақпараттық-коммуникациялық (бұдан әрі – АКТ) және оқытудың

интерактивті технологияларын қолдану бойынша құзіреттіліктерін қалыптастыру .

5. Курстың соңында тыңдаушылар:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылуын шарттайтын Стандарттың тұжырымдамалық негіздерін, мектепалды даярлықтың мазмұны мен "Өзін-өзі тану" пәнінің кіріктірілуін және мектепалды даярлықтың білім беру процесінде тәрбиеленушіні психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің маңыздылығын, мектепалды даярлық процесінде қолданылатын тиімді педагогикалық технологияларды, мектепке дейінгі жастағы балалардың жетістіктерінің деңгейіне және Стандарт талаптарына сәйкес мектепалды педагогінің бақылау-бағалау іс-әрекетінің нысандарын біледі;

2) мектепке даярлау кезінде заттық-кеңістік дамытушы ортаны және ұйымдастырылған оқу қызметін жобалаудың тәсілдерін, мектепалды даярлық процесінде мектепке дейінгі жастағы балалардың жетістіктерін критериалды бағалауды, курстан кейінгі кезеңде үздіксіз кәсіби өзіндік дамудың траекториясын әзірлеу әдістемесін қолдана алады;

3) мектепалды даярлықтың оқу-әдістемелік сүйемелдеуін әзірлеу, мектепалды даярлық процесінде мектепке дейінгі жастағы балалардың жетістіктерін бағалау, мектепалды даярлық процесінде оқытудың педагогикалық технологияларын, құралдарын, әдістерін, формаларын бейімдеу мен таңдау дағдыларын меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1) нормативтік-құқықтық;

2) психологиялық-педагогикалық;

3) мазмұндық;

4) технологиялық;

5) вариативтік.

7. Вариативтік модульдің тақырыптары тыңдаушылармен кіріс сауалнама барысында анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

8. Біліктілікті арттыру курстары:

1) осы Бағдарламаның 1-қосымшасына сәйкес күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі – ОТЖ) бойынша күндізгі оқу режимінде ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 72 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру

кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу формасы өзгеріссіз қалады;

2) осы Бағдарламаның 2-қосымшасына сәйкес аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары бойынша аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 16 сағат, қашықтықтан оқу – 8 сағат, өз бетімен оқу – 48 сағат. Күндізгі оқу курстың алғашқы және соңғы күнінде 8 сағаттан өткізіледі.

9. Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

10. Білім беру процесі оқытудың келесі интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәрістер, семинарлар, тәжірибелік жұмыс, көшпелі тәжірибелік сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, шағын сабақтың (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

11. Тыңдаушылардың кәсіби құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессорлық-педагогикалық құраммен курстың ОӘК-не енгізілген Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері әзірленеді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың
мектепалды даярлық топтары
мен сыныптарының
тәрбиешілеріне, педагогтеріне
арналған педагогика
кадрларының біліктілігін
арттыру курсының "Мектепке
дейінгі тәрбие мен оқыту және
бастауыш білім беру
мазмұнының сабақтастығын
қамтамасыз ету" білім беру
бағдарламасына 1-қосымша

# Күндізгі оқу режиміндегі оқу-тақырыптық жоспар

| № | Тематика занятий | Дәріс | Таңдау бойынша сабақ | Тәжірибелік жұмыс | Тренинг | Семинар | Сынып шеберлігі | КТС | Дөңгелек үстел | Ша та |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 4 | | | | | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі " Білім туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы "Бала құқықтары туралы" Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. | 2 | | | | | | | | |
| 1.2 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында сабақтастықты қамтамасыз ету: 2016 жылғы 13 мамырдағы Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты, 2016 жылғы 13 мамырдағы Бастауыш білім берудің жалпыға мемлекеттік стандарты. | 2 | | | | | | | | |
| 2 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 2 | | 2 | 2 | 2 | | | 2 | |
| 2.1 | Мектепалды даярлық білім беру процесінде ересек мектепке дейінгі жастағы баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. | 2 | | | | | | | | |
| 2.2 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ерекшеліктері. | | | | 2 | | | | | |
| 2.3 | "Әліппемен" жұмыс жасауда 5-7 жастағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке алу | | | 2 | | | | | | |
| 2.4 | Мектепалды даярлықтың білім беру мазмұнына "Өзін-өзі тану " пәнінің кірігуі. | | | | | 2 | | | | |
| 2.5 | Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеялар негізінде мектепке дейінгі жастағы балалардың рухани-адамгершілік сапаларын тәрбиелеу. | | | | | | | | 2 | |
| 3 | Мазмұндық модуль | 8 | | 6 | 10 | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.1 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы: мазмұнды жобалау, нәтижелердің талаптары. Мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламасы. | | | | | | | | 2 | |
| 3.2 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында 5-7 жастағы балалардың мектепалды даярлық топтарында ( сыныптарында) педагогикалық процесін ұйымдастыру. | | | | | | 2 | | | |
| 3.3 | Мектепке дайындау кезінде заттық-кеңістік дамытушы ортаның ерекшеліктері. | | | 2 | | | | | | |
| 3.4 | Мектепалды даярлық процесінде 5-7 жастағы балалардың денсаулығын қорғау және нығайту. | | | | 2 | | | | | |
| 3.5 | Мектепалды даярлық процесінде 5-7 жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру. | | | | 2 | | | | | |
| 3.6 | "Әліппе" және ОӘК құрылымы , бөлімдері. | 2 | | | | | | | | |
| 3.7 | "Коммуникация" білім беру саласында "Әліппемен" жұмыс жасау әдістемесі. | | | 2 | | | | | | |
| 3.8 | "Әліппені" қолдану арқылы " Тілді дамыту" бөлімі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | | | 2 | | | | | | |
| 3.9 | "Әліппені" қолдану арқылы " Сауат ашу негіздері" бөлімі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | | | | | | 2 |
| 3.10 | "Таным" білім беру саласында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың танымдық-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру. | | | | 2 | | | | | |
| 3.11 | Мектепалды даярлық процесінде 5-7 жастағы балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту. | | | | 2 | | | | | |
| 3.12 | Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың білімдерін, біліктерін, | 2 | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыларын критериалды бағалау. | | | | | | | | | |
| 3.13 | Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың жетілуінің критерийлері мен көрсеткіштері, мектепте оқуға дайындығының қалыптасуы. | 2 | | | | | | | | |
| 3.14 | Мектепте оқуға балалардың дайындығын зерттеу. | | | | | | | 2 | | |
| 3.15 | Болашақ бастауыш сынып оқушысының отбасын кешенді сүйемелдеу | | | | 2 | | | | | |
| 3.16 | Даму мүмкіндігі шектеулі мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. | 2 | | | | | | | | |
| 3.17 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мектепалды даярлығының мазмұны мен ұйымдастыру ерекшеліктері. | | | | | 2 | | | | |
| 3.18 | Кіріс және шығу тестілеуі | | | | | | | | | |
| 3.19 | Жоба қорғау | | | | | | | | | |
| 4 | Технологиялық модуль | 4 | | 12 | | | | | | |
| 4.1 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ-құзіреттіліктерін қалыптастыру. | 2 | | | | | | | | |
| 4.2 | Мектепке дейінгі және бастауыш білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану. | | | 2 | | | | | | |
| 4.3 | Стандартты бағдарламалық құралдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін білім беру контентін жобалау технологияларын игеру. Мектепалды даярлық сыныптарында (топтарында) сауат ашу негіздері бойынша бір сабақтың үлгісінде сандық контент. | | | 2 | | | | | | |
| 4.4 | "Коммуникация" білім беру саласында "Әліппемен" жұмыс жасауда ақпараттық технологиялардың ролі мен мүмкіндіктері. | | | 2 | | | | | | |
| | Білім беру порталында, желілік педагогикалық қоғамдастықта | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.5 | жұмыс жасау негіздері, Интернет желісінде өз білім беру ресурстарын орналастыру . | | | 2 | | | | | | |
| 4.6 | Мектепалды даярлықта инновациялық білім беру технологиялары. | 2 | | | | | | | | |
| 4.7 | Мектепалды даярлықта оқытудың интерактивті технологияларын енгізу. | | | 2 | | | | | | |
| 4.8 | "Әліппемен" жұмыс жасау кезінде мектепалды даярлықта флипчарттарды қолдану. | | | 2 | | | | | | |
| 5 | Вариативті модуль | | 4 | | | | | | | |
| 5.1 | "Әліппемен" жұмыс жасау кезінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тілге деген қызығушылығы мен құштарлығын қалыптастыру. Мектепке дейінгі ұйым және бастауыш мектептің бірыңғай білім беру кеңістігін құру. "Әліппемен" жұмыс жасау кезінде 5-7 жастағы балалардың шығармашылығын қолдауда ертегі терапиясының мүмкіндіктері. 5-7 жастағы балалардың мектепалды даярлық процесінде өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясын (одан – кейін – ӨТШТ) қолдану. | | | | | | | | | |
| 5.2 | Мектепалды даярлық процесінде 5-7 жастағы балалардың дивергентті ойлауын дамыту. 5-7 жастағы балалардың мектепалды даярлық процесінде сыни ойлау технологиясын қолдану. Мектептегі оқуға 5-7 жастағы балалардың дайындығының ойындық технологиялары. 5-7 жастағы балалардың мектепалды даярлық топтарындағы ( сыныптарындағы) педагогикалық процесте денсаулық сақтау технологияларын қолдану. | | | | | | | | | |
| Барлығы: | | 20 | 4 | 20 | 12 | 2 | 2 | 2 | 4 | 2 |

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтары мен сыныптарының тәрбиешілеріне, педагогтеріне арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру мазмұнының сабақтастығын қамтамасыз ету" білім беру бағдарламасына 2-қосымша

# Аралас оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

| № | Сабақ тақырыптары | Күндізгі оқу 16 с. | | | | Қашықтықтан оқу 8 с. | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Дәріс | Практикалық сабақтар | Семинар | Шағын-сабақ таныстырылым | Вебинар | Онлайн-форум | Онлай |
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 4 | | | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы "Бала құқықтары туралы" Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы | 2 | | | | | | |
| 1.2 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында сабақтастықты қамтамасыз ету: 2016 жылғы 13 мамырдағы Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты, 2016 жылғы 13 мамырдағы Бастауыш білім берудің жалпыға мемлекеттік стандарты | | | 2 | | | | |
| 2 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 2 | | | | 2 | | |
| | Мектепалды даярлық білім беру процесінде ересек мектепке дейінгі жастағы | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.1 | баланы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу | 2 | | | | | | |
| 2.2 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ерекшеліктері | | | | | | | |
| 2.3. | "Әліппемен" жұмыс жасауда 5-7 жастағы балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін есепке алу | | | | | 2 | | |
| 2.4 | Мектепалды даярлықтың білім беру мазмұнына "Өзін-өзі тану " пәнінің кірігуі | | | | | | | |
| 2.5 | Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеялар негізінде мектепке дейінгі жастағы балалардың рухани-адамгершілік сапаларын тәрбиелеу | | | | | | | |
| 3 | Мазмұндық модуль | 2 | 2 | 2 | 2 | | 2 | |
| 3.1 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы: мазмұнды жобалау, нәтижелердің талаптары. Мектепалды даярлықтың білім беру бағдарламасы | | | | | | 2 | |
| 3.2 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында 5-7 жастағы балалардың мектепалды даярлық топтарында ( сыныптарында) педагогикалық процесін ұйымдастыру | | | 2 | | | | |
| 3.3 | Мектепке дайындау кезінде заттық-кеңістік дамытушы ортаның ерекшеліктері | | | | | | | |
| 3.4 | Мектепалды даярлық процесінде 5-7 жастағы балалардың денсаулығын қорғау және нығайту | | | | | | | |
| 3.5 | Мектепалды даярлық процесінде 5-7 жастағы балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру | | | | | | | |
| 3.6 | "Әліппе" және ОӘК құрылымы , бөлімдері | 2 | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.7 | "Коммуникация" білім беру саласында "Әліппемен" жұмыс жасау әдістемесі | | | | | | | |
| 3.8 | "Әліппені" қолдану арқылы " Тілді дамыту" бөлімі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | | | | |
| 3.9 | "Әліппені" қолдану арқылы " Сауат ашу негіздері" бөлімі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі | | | | 2 | | | |
| 3.10 | "Таным" білім беру саласында мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың танымдық-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру. | | | | | | | |
| 3.11 | Мектепалды даярлық процесінде 5-7 жастағы балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту | | | | | | | |
| 3.12. | Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың білімдерін, біліктерін, дағдыларын критериалды бағалау | | 2 | | | | | |
| 3.13 | Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың жетілуінің критерийлері мен көрсеткіштері, мектепте оқуға дайындығының қалыптасуы | | | | | | | |
| 3.14 | Мектепте оқуға балалардың дайындығын зерттеу | | | | | | | |
| 3.15 | Болашақ бастауыш сынып оқушысының отбасын кешенді сүйемелдеу | | | | | | | |
| 3.16 | Даму мүмкіндігі шектеулі мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы | | | | | | | |
| 3.17 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мектепалды даярлығының мазмұны мен ұйымдастыру ерекшеліктері | | | | | | | |
| 4 | Технологиялық модуль | | | 2 | | 2 | | |
| 4.1 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтердің АКТ-құзіреттіліктерін қалыптастыру | | | | | | | |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.2 | Мектепке дейінгі және бастауыш білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану | | | 2 | | | | |
| 4.3 | Стандартты бағдарламалық құралдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалар үшін білім беру контентін жобалау технологияларын игеру. Мектепалды даярлық сыныптарында (топтарында) сауат ашу негіздері бойынша бір сабақтың үлгісінде сандық контент | | | | | | | |
| 4.4 | "Коммуникация" білім беру саласында "Әліппемен" жұмыс жасауда ақпараттық технологиялардың ролі мен мүмкіндіктері | | | | | 2 | | |
| 4.5 | Білім беру порталында, желілік педагогикалық қоғамдастықта жұмыс жасау негіздері, Интернет желісінде өз білім беру ресурстарын орналастыру | | | | | | | |
| 4.6 | Мектепалды даярлықта инновациялық білім беру технологиялары | | | | | | | |
| 4.7 | Мектепалды даярлықта оқытудың интерактивті технологияларын енгізу. | | | | | | | |
| 4.8 | "Әліппемен" жұмыс жасау кезінде мектепалды даярлықта флипчарттарды қолдану | | | | | | | |
| 5 | Вариативтік модуль | | | | | | | |
| 5.1 | "Әліппемен" жұмыс жасау кезінде мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың тілге деген қызығушылығы мен құштарлығын қалыптастыру. Мектепке дейінгі ұйым және бастауыш мектептің бірыңғай білім беру кеңістігін құру "Әліппемен" жұмыс жасау кезінде 5-7 жастағы балалардың шығармашылығын қолдауда ертегі терапиясының мүмкіндіктері. 5-7 жастағы балалардың мектепалды даярлық процесінде өнертапқыштық тапсырмаларды шешу | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | теориясын (одан – кейін – ӨТШТ) қолдану | | | | | | | |
| 5.2 | Мектепалды даярлық процесінде 5-7 жастағы балалардың дивергентті ойлауын дамыту. 5-7 жастағы балалардың мектепалды даярлық процесінде сыни ойлау технологиясын қолдану. Мектептегі оқуға 5-7 жастағы балалардың дайындығының ойындық технологиялары. 5-7 жастағы балалардың мектепалды даярлық топтарындағы (сыныптарындағы) педагогикалық процесте денсаулық сақтау технологияларын қолдану | | | | | | | |
| Вариативтік модуль бойынша онлайн кеңес | | | | | | | | 2 |
| Барлығы: | | 6 | 2 | 6 | 2 | 4 | 2 | 2 |

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 202 бұйрығына 31-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 92 бұйрығына 99-қосымша

# Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнін оқытудың инновациялық тәсілдері мен әдістемелері" білім беру бағдарламасы

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының алғашқы әскери және технологиялық дайындық

оқытушы-ұйымдастырушыларына арналған педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының "Орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" пәнін оқытудың инновациялық тәсілдері мен әдістемелері" білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын орта білім беру ұйымдарының алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушыларын оқытуды реттейді.

2. Бағдарлама білім беру сапасын қамтамасыз етудің жаңа талаптарын ескере отырып, білім беру процесін жүзеге асыру және жобалау мәнтінінде орта білім беру мазмұнын жаңарту мәселелері бойынша орта білім беру ұйымдарының алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушы-ұйымдастырушыларының (бұдан әрі – АӘжТД) біліктілігін артыруға бағытталған.

## 2-тарау. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

3. Бағдарламаның мақсаты орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында АӘжТД пәні бойынша оқытушы-ұйымдастырушылардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыру болып табылады.

4. Бағдарламаның міндеттері:

1) стратегиялық құжаттар мен Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларына негізделген ұлттық саясат пен "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы туралы біртұтас ұғымды қалыптастыру;

2) білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында әскери дайындық, робототехника және IT негіздерін оқыту мен оқудың сұрақтары бойынша білімді қорыту мен тереңдету және АӘжТД пәнін оқыту мен оқу тәжірибесінде критериалды бағалауды қолдану;

3) инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мәні мен мағынасын, оны жүзеге асырудың механизмін ашу. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай АӘжТД пәнін оқыту технологиясын таңдаудың негізгі тәсілдерін анықтау;

4) тәрбие саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары саласындағы білімді кеңейту және тереңдету: Тәрбиенің тұжырымдамалық негізі, Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамын күшейтудің үлгілік кешенді жоспары, "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясы;

5) заманауи білім беру технологияларын қолдану бойынша біліктерді қалыптастыру мен білімдерді кеңейту, оның ішінде ақпараттық технологиялар ( бұдан әрі – IT), әскери мамандыққа кәсіптік бағдар беру және оқушыларды Отанға қызмет етуге дайындау;

6) оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни тұрғыдан ойлауын және өзіндік дербестігін дамытуға бағытталған Б.Блум таксономиясына сәйкес АӘжТД пәні бойынша оқу тапсырмаларын жобалау дағдысын дамыту;

5. Тыңдаушылар курс соңында:

1) нормативтік құқықтық актілерді, әскери дайындық, робототехника және IT тұжырымдамалық негіздерін, инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге қатысты жұмыстардың мазмұны мен формаларын, оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауды біледі;

2) білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында АӘжТД пәні бойынша білім беру процесін жобалауды, оқытудың әр-түрлі заманауи технологияларын, сондай-ақ IT пайдалануды, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын және өзіндік дербестігін дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдерді қолдануды, әскери мамандыққа кәсіптік бағдар беру және Отанға қызмет етуге оқушыларды дайындаудың кәсіптік бағдар жұмыстарын ұйымдастыруды, АӘжТД пәнінің оқу процесін ұйымдастыруда кездесетін қиындықтарды және оны шешудің мүмкін жолдарын бағалауды қолдана алады;

3) білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында АӘжТД пәні бойынша білім беру процесін жобалауды, АӘжТД пәні арқылы оқушылардың ұлтжандылығын, этникалық және діни төзімділігін қалыптастыруды, жаңартылған орта білім беру жағдайына сәйкес АӘжТД пәнінің оқыту құралдарын және оқу-әдістемелік құралдарын талдауды, оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын және өзіндік дербестігін, функционалдық сауаттылықтарын дамытуға бағытталған АӘжТД пәнінің оқу тапсырмаларын жобалау тәсілдерінің дағдыларын меңгереді.

## 3-тарау. Бағдарламаның мазмұны

6. Бағдарлама 5 модульдерден тұрады:

1) нормативті-құқықтық;

2) психологиялық-педагогикалық;

3) мазмұндық;

4) технологиялық;

5) вариативтік.

7. Модульдердің мазмұны осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқыту-тақырыптық жоспарға (бұдан әрі – ОТЖ) негізделеді.

8. Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады.

## 4-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру, формалары мен әдістері, нәтижелерін бағалау

9. Курстық оқытудың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

10. Білім беру процессі осы Бағдарламаның қосымшасындағы ОТЖ-ға сәйкес ұйымдастырылады. Бір апталық курстарды ұйымдастыру кезінде ОТЖ-ғы сағаттар мен тақырыптар саны екі есе азаяды, сабақтарды өткізу формалары өзгермейді.

11. Білім беру процессін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бағалау мен бақылау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын-сабақ таныстырылымы (шағын шара) және қорытынды тестілеу өткізіледі.

12. Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы үшін тапсырмалар, тест тасырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары курстық оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан кейін – ОӘК) енгізілген.

13. Білім беру процессі оқытудың интерактивті формалары мен әдістерін енгізеді: пікірталастар, ролдік ойындар, сынып шеберлігі, тренингтер, жоба әдісі, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесе шешу.

14. Тыңдаушылардың кәсіби құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессорлық-педагогикалық құраммен ОӘК-ге енгізілген Бағдарлама мазмұнын игерудің параметрлері мен бағалау критерийлері әзірленеді.

Қазақ және орыс тілдерінде
оқытатын орта білім беру
ұйымдарының алғашқы әскери
және технологиялық дайындық
оқытушы-
ұйымдастырушыларына
арналған педагогика
кадрларының біліктілігін
арттыру курсының "Орта білім
беру мазмұнын жаңарту
жағдайында "Алғашқы әскери
және технологиялық дайындық"
пәнін оқытудың инновациялық
тәсілдері мен әдістемелері"
білім беру бағдарламасына
қосымша

## Оқу-тақырыптық жоспар

| № | Сабақтың тақырыптары | Дәрістер | Таңдау дәрісі | Тәжірибелік жұмыс | Тренинг | Семинар | Шеберлік сыныбы | Дөңгелек үстел | Шағын сабақты қорғау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Нормативтік-құқықтық модуль | 6 | | | | | | | |
| 1.1 | Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Өкімімен бекітілгін Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2016- | 2 | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы орта білім берудің мақсатты нысандары | | | | | | | | |
| 1.2 | "Мәңгілік Ел" ұлттық идеясын жүзеге асыру мәнмәтініндегі Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы. 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңындағы орта білім берудің мақсатты нысандары | 2 | | | | | | | |
| 1.3 | Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында АӘжТД оқытуда нормативтік құқықтық және тұжырымдамалық негіздерімен қамтамасыз ету. 2015 жылғы 18 -қарашадағы Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 2015 жылғы 23-қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі Заңындағы орта білім берудің мақсатты нысандары | 2 | | | | | | | |
| 2 | Психологиялық-педагогикалық модуль | 4 | | | 4 | 4 | | | |
| 2.1 | Жалпы білім беретін мектептердің педагогикалық процесінде "Өзін-өзі тану" пәнінің жүйе құрушы әлеуетін жүзеге асырудың мүмкіндіктері. Рухани-адамгершілік тәрбие – отбасылық құндылық негізі | | | | 4 | | | | |
| 2.2 | Тәрбие саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспар. "Мәңгілік Ел" Ұлттық идеясы | | | | | 4 | | | |
| 2.3 | АӘжТД пәнін оқытуда инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу | 2 | | | | | | | |
| 2.4 | АӘжТД пәні сабақтарында оқушыларды этникалық және діни төзімділікке тәрбиелеу. Оқушылар мен жасөспірімдер | 2 | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу шаралары | | | | | | | | |
| 3 | Мазмұндық модуль | 6 | | 12 | 4 | 8 | 2 | 4 | 2 |
| 3.1 | Білім берудің жаңа парадигмасы және белсенді оқытудағы педагогтың рөлі | | | | | | | 2 | |
| 3.2 | АӘжТД пәнін тиімді оқыту мен оқудың стратегиялары | | | | 2 | | | | |
| 3.3 | АӘжТД пәні бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау | | | | 2 | | | | |
| 3.4 | Құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалар – АӘжТД сабақтарында оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру құралы. АӘжТД бойынша оқу тапсырмаларын Б.Блум таксономиясына сәйкес жобалау | | | | | 4 | | | |
| 3.5 | Әскери өнер мен салт-дәстүр – қазақ мемлекеттігінің мәдени мұрасы | | | | | | | 2 | |
| 3.6 | АӘжТД пәнінен оқушылардың практикаға бағдарланған жоба әзірлеу әдістемесі | | | | | 2 | | | |
| 3.7 | АӘжТД сабақтарында даралап оқытуды ұйымдастыру. Дарынды балалармен жұмыс істеудің әдістемесі: әскери-техникалық байқауларға дайындау | | | | | 2 | | | |
| 3.8 | "Қарулы Күштер – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің кепілі" тақырыбында АӘжТД сабақтарында оқу ақпаратымен жұмыс жасау дағдыларын дамыту | | | 2 | | | | | |
| 3.9 | "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен басқа да әскери жасақтардың "Жалпы әскери Жарғылары" тақырыбы бойынша АӘжТД оқыту процесінде графикалық органайзерлерді қолдану | | | 2 | | | | | |
| 3.10 | Тактикалық дайындық бойынша сабақты өткізудің ұйымдастырылуы мен әдістемесі | 2 | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3.11 | "Атыс дайындығы" тақырып бойынша АӘжТД сабағын кешенді талдау. Білім беру үдерісінде интерактивті лазерлік тирдің автономды электрондық тренажерлерін қолдану | | | 2 | | | | | |
| 3.12 | Ұрыс қаруынан ату және қол гранатасын лақтыру тәсілдері мен ережелері. СВД мергендік винтовкасы мен РПГ-7 қол гранат атқышынан ату тәсілдері мен ережелері | | | 2 | | | | | |
| 3.13 | Құзыреттілік тәсіл негізінде " Саптық дайындық" тақырындағы заманауи сабақ | | | 2 | | | | | |
| 3.14 | "Әскери топография" бөлімі тарауы бойынша пәнаралық негізінде АӘжТД пәні мазмұнын жетілдіру | 2 | | | | | | | |
| 3.15 | Азаматтық қорғаныс. Білім беру ұйымдарынның зілзала тәуекелдерін төмендету жөніндегі жұмыстары және адамның төтенше жағдайлардағы әрекеті. Радиациялық, химиялық және бактериологиялық карудан жеке және ұжымдық қорғану құралдарының кіріктірілген жүйелері | | | 2 | | | | | |
| 3.16 | "Медициналық білім негіздері" тарауын оқытуда іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру. | 2 | | | | | | | |
| 3.17 | АӘжТД пәні сабағын орта және қысқа мерзімді жоспарлау . Сабақтың қысқа мерзімді жоспарын панорамалық қорғау | | | | | | 2 | | 2 |
| 3.18 | Оқытушы-ұйымдастырушының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау, қорытынды тестілеу | | | | | | | | |
| 3.19 | Шығармашылық жобаларды қорғау | | | | | | | | |
| 4 | Технологиялық модуль | 6 | | 8 | 2 | | | | |
| 4.1 | Білім беру процесінде ақпараттық технологияларды қолданудың тұжырымдамалық мүмкіндіктері. Робототехника негіздері | | | 2 | | | | | |
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4.2 | Сандық білім беру ресурстары. Стандартты бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарының көмегімен АӘжТД пәнінің электронды білім беру контентін жобалаудың технологиясы | | | 2 | | | | | |
| 4.3 | Білім беру порталдарымен және педагогикалық қауымдастық желілерімен жұмыс негіздері. Интернет желісінің ашық білім беру ресурстары | | | 4 | | | | | |
| 4.4 | Портфолио – білім беру ұйымдары педагогтерінің өзін-өзі бағалау құралы. Оқушылардың АӘжТД пәні бойынша портфолио | 4 | | | | | | | |
| 4.5 | АӘжТД сабағында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту | | | | 2 | | | | |
| 4.6 | АӘжТД сабағында денсаулық сақтау технологияларын қолдану | 2 | | | | | | | |
| 5 | Вариативтік модуль | | 4 | | | | | | |
| 5.1 | Қазақстандық мектептерде " Мәңгілік ел" ұлттық идеясын жүзеге асырудың механизмдері мен жолдары | | | | | | | | |
| 5.2 | "Отанды қорғау – мәртебелі мамандық" кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізу әдістемесі. ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери-оқу орындарына қабылдау талаптары | | | | | | | | |
| 5.3 | Діни экстремизм және терроризм. Өңірде діни экстремизм мен терроризмнің таралу қаупіне қарсы әрекет ету әдістері | | | | | | | | |
| 5.4 | Әскери-спорттық лагерді ұйымдастыру | | | | | | | | |
| 5.5 | Мұғалімнің зерттеу мәдениеті. | | | | | | | | |
| 5.6 | Қосымша білім беру жүйесінде әскери-техникалық үйірмелерді ұйымдастыру: автокөлік және электротехника негіздері | | | | | | | | |
| 5.7 | Педагогтардың интернет-қауымдастықта өзара қарым-қатынас орнатуы – | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | кәсіби құзыреттіліктің даму шарты | | | | | | | | |
| 5.8 | Әскери-техникалық терминология бойынша өз бетінше жұмысты ұйымдастыру технологиясы | | | | | | | | |
| | Барлығы: | 22 | 4 | 20 | 10 | 12 | 2 | 4 | 2 |

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК